**Проблемы:** Для систематического мониторинга состояния диабетологической службы, а также с целью контроля уровня обеспечения инсулинами, таблетированными сахароснижающими препаратами, средствами контроля и доставки, необходимо оснастить эндокринологические кабинеты компьютерами. Для раннего выявления сахарного диабета необходимо обеспечить обследование на глюкозу в крови при направлении на госпитализацию всех пациентов, а также обследование « группы риска » участковой сетью, хирургами , гинекологами, и другими специалистами. Необходимо предусмотреть возможность открытия кабинета «диабетической стопы» во всех центрах районов.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Koivisto V.A. Exercise and diabetes mellitus: Text-book of diabetes. Oxford: Black well Scientific, 1999, 795-802;
2. Manson J.E. et al. A prospective study of exercise and incidence of diabetes among US male physiciance. JAMA.1992,268,63-67;
3. Дедов И.И.,Шестакова М.В. «Сахарный диабет». Руководство для врачей. М.: Универсум Паблишинг, 2003;
4. Смирнов О.М. Впервые выявленный сахарный диабет 2 типа. Диагностика, тактика лечения. Медицина для вас. М., 2002;

УДК – 616.831.319-008.6-036.868

**ЦЕРЕБРАЛЬДЫ ИНСУЛЬТ АУРУЫНАН ТУЫНДАҒАН МҮГЕДЕКТІКТІ ОҢАЛТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*С.Қ.Еркебаева, Г.У. Дүйсен, К.А. Қазыбекова*

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы.*


**РЕЗЮМЕ**

Научные результаты показывают, что реабилитационные мероприятия среди больных и инвалидов по церебральному инсульту должны организовываться согласно тяжести и степени поражения центральной нервной системы и функциональной недостаточности конечностей. Рациональная организация реабилитационных мероприятий дает хорошие медико – социальные результаты, что доказывается полученными данными.

SUMMARY

Scientific results of rehabilitation measures, which should be ornized among patients and disabled by cerebral stroke on the degree of the central nervous system and functional insuggiciency of the extremities described in this article.

Социологиялық зерттеу қорытындысы Шымкент қаласы тұрғындарының арасында инсультқа ұшыраған аурулардың толыққанды зерттелмегендігін көрсетеді. Бұл әсіресе кешенді зерттеу жұмысына байланысты айтылған мәселе. Әсіресе жаңа технологияларды қолдана отырып зерттеу жұмысы бұл аурулардың арасында мүлдем жүргізілмеген. Мысалы: КТ және ЯМРТ әдістерін қолданып зерттеу бар болғаны - 4,5% құраған. РЭГ - 12%, УДДГ - 10,5%, ЭЭГ - 10,5% ғана қарастырылған. Ал ЭХОЭГ әдісімен зерттеу және сонымен қатар көз түбін зерттеу жұмысы жақсы жолға қойылғандығын көрсетті (93,5-100%).(1 сурет)




1 сурет - Инсультқа шалдыққан ауруларды кешенді зерттеулер ден

Осы ауру бойынша алғаш рет мүгедек деп табылған тұлғалардың материалдық жағдайын зерттеу олардың арасында әр бір отбасы мүшесіне есептегендегі табысы 9000 теңгеден асатындарының үлес салмағы - 45,2% жетті. 9000 теңге келетіндерінің үлес салмағы - 8,8%, 8000 теңге келетіндер үлес салмағы – 2,5%, 7000 теңге келетіндерінің үлес салмағы – 4%, қалған мүгедектердің отбасы мүшелеріне шаққанда 6000 теңгеден төмен табыс түседі (39,5%). Осыған қарағанда инсультпен ауырғандардың негізгі бөлігінің материалдық жағдайы төмен. Сондықтан олар қымбат тұратын диагностикалық шараларды қолдана алмайды. Инсультпен ауырған адамдардың өмір сүру сапасының нашарлауы олардың медициналық көмектің арнайы түрлеріне сұранысын төмендетеді және дер кезінде медициналық көмекті алуға кедергісін тигізеді. Яғни, социологиялық зерттеу қорытындылары инсультқа шалдыққан аурулардың дер кезінде медициналық көмекке қаралу оқиғаларының - 80,5% артпағандығын көрсетті. Олардың дер кезінде және қажетті емдік шараларды қабылдау деңгейі бар болғаны - 22% құрады.

Аурулардың сапалы емдік шараларға қол жетімдігі - 52% құрады. Жалпы, инсультқа шалдыққан аурулардың өз денсаулығының түзеліп кетуіне деген ынтасы аса жоғары емес (60,5%). Осы аурулардың оңалту шараларын қабылдауға жағдайы келе бермейді. Олардың арасында толыққанды оңалту шараларын жоғары дәрежеде алуға жағдайы барлары бар болғаны - 2,5% құрайды. Орташа дәрежеде оңалту шараларына жағдайы бар аурулардың үлес салмағы – 10% құрайды, оңалту шараларын төмен дәрежеде қабылдауға жағдайлары барлары – 58,5% құрайды. Ал оңалту шараларын қабылдауға жағдайлары мүлдем жоқтардың үлес салмағы – 29% дейін жетеді. Оңалту шараларының болашағын болжамдау оның жақсы болып аяқталатындығына күмән жоқ тұлғалардың үлес салмағының - 3% жететіндігін көрсетті. Бұл шаралардың салыстырмалы түрде жақсы болып аяқталатындығы мүмкін тұлғалардың үлес салмағы - 9,5%, ал күмәнді топқа жататындарының үлес салмағы - 64,5% құрады. Болжамды түрде оңалту шараларының ешқандайда дұрыс нәтиже бермейтіндердің үлес салмағы – 11,5% жетеді.

Алғаш рет әлеуметтік – медициналық сараптау комиссиясынан өткен ауруларда оңалтудың болашағын зерттеу олардың - 58,5% өте төмен, ал 25% толығынан оңалтудың нәтиже бермейтіндігі анықталды. Дәл осы аурулар мүгедектердің I және II тобын құрады. Ал оңалту шараларының жақсы нәтиже беру оқиғаларының саны – 16,5% жетті. (2 сурет)



2 сурет - Инсультке алғаш рет шалдыққан аурулардың оңалту шараларынан кейінгі оңалу оқиғаларының үлес салмағы (%)

Сал болған адамдарды еңбекке жарамды қалыпқа келтіру үлкен әлеуметтік-медициналық және экономикалық мәселе болып табылады. Аурудың болжамды болашағы немесе қандай жетістіктермен аяқталуы көптеген себептерге байланысты, ол себептер оңалту шараларының тиімділігін анықтайды. Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыз еңбек терапиясын 4 кезеңдік бағдарлама бойынша жүзеге асыру керектігін көрсетеді: 1 кезең - ауыр парездерге ұшыраған аурулармен жұмыс істеу. 2 кезең - орташа өзгерістері бар ауруларға арналған оңалту шаралары. 3 және 4 кезең - жеңіл қозғалыс бұзылыстары бар ауруларға арналған шаралардан тұрады. 1-ші және 2-ші кезеңдегі еңбек терапиясы қозғалысты белсендіру және қалыпқа келтіру әдістерінен тұрады. 3 және 4-ші кезеңдер аурулардың кәсіби машықтарын және




қозғалыстарын қалпына келтіруге бағытталған. 1- 3 кезеңдерде аурулар еңбекке толық немесе уақытша жарамсыз, ал 4-ші кезеңде аурулар өз кәсібіне оралады немесе қайта жұмысқа орналасуға тырысады.

Осылайша оңалту шараларын қабылдаған 140 аурудың амбулаторлық карталарындағы деректерді сараптау олардың еңбекке жарамдылығын қалыпқа келтіру шараларының жоғары тиімділігін байқатты: 140 аурудың 71,4% инсультке ұшырағаннан бұрын белгілі бір қызметте жұмыс атқарған. Олардың 17% - ауыр физикалық жұмыспен айналысқан, 59% - жеңіл дәрежедегі физикалық еңбекпен айналысса, 13% - ғылыми - техникалық саладағы жұмысшылар мен қызметкерлер болып шықты.(3 сурет)




3 сурет. Инсультке ұшырағандардың қызметіне қарай таралуы (%)

Оңалту емін қабылдағандардың 19,3% - ауыр гемипарезге ұшырағандар, 30% - орташа, 30,7% - жеңіл түрдегі гемипарезге шалдыққандар.(4 сурет)




4 сурет. Инсульттан кейінгі қалыптасқан гемипарез түрлерінің таралуы (%)

Осы аурулардың арасындағы 87% қозғалыс бұзылыстарымен қатар сезім жүйесінің бұзылыстары анықталды, 29% сөйлеу қабілетінің бұзылыстары, 18% вестибулярлық және кіші мишықтық бұзылыстары, 10% апрактикалық - агностикалық бұзылыстар байқалды.(5 сурет)



5 сурет - Инсульт кезіндегі бұзылыстардың үлес салмағы (%)


Аурулардың 75,7% инсульттан кейін бірден оңалту орталықтарына ем алу үшін қаралды. Олардың басым бөлігі инсульттан 6 ай өткеннен кейінгі мерзімде - 41,4%, инсульттан кейін 6 ай мен 1 жыл аралығында - 16,4%, аурудан кейін 1 жыл өткеннен соң немесе резидуальдық кезеңде - 17,9 % оңалту орталықтарында тіркелді.(6 сурет)



6 сурет - Оңалту орталықтарында тіркелу уақыты (%)

Оңалту курсынан кейін аурулардың 10% бұзылған қызметтерінің толық қалыпқа келуі байқалды. Айтарлықтай жақсару - 27,2%, ал жақсару - 25,7% байқалды. Аурулардың 37,1% болмашы оңды өзгерістер анықталды. Болмашы өзгерістер байқалған аурулардың басым бөлігі оңалту шараларын алуға өте кеш ұмтылыс жасаған.(7 сурет)

Оңалту шараларының клиникалық нәтижелері аурулардың әлеуметтік – тұрмыстық және әлеуметтік - еңбектік жағдайына өзгерістер енгізді. Аурулардың барлығы дерлік тұрмыстық жағдайын түзеп, үйінде белсенді жұмыстар атқара бастады. Ағайын - туғандарына тәуелділігі төмендеп, өзін – өзі қамтамасыз етуге жағдай пайда болды. Үй тірлігіне араласа бастайды. Инсульт алған аурулардың 62% еңбекке жарамдылығын қалпына келтірді.



7 сурет - Оңалту курсынан кейінгі бұзылған қызметтердің қалпына келу дәрежесі (%)

Инсульттан кейін оңалту шараларын алған науқастарға 1 жылдан кейін өткізілген кешенді тексеру осы шаралардың жоғары тиімділігін көрсетті.

Сонымен, церебральды инсультке ұшыраған мүгедектер арасындағы оңалту шараларын ерте кезеңнен және дұрыс ұйымдастыру жоғары тиімділігін береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Котов С.В., Исакова Е.В. К вопросу об организации помощи больным инсультом в Московской области. // Материалы XI международной научно-практической конференции «Пожилой больной. Качество жизни». Москва. – 2-4 октября 2006 г. –с 42-45.
2. Газалиева Ш.М., Илюшина Н.Ю., Секенова Р.К. Технология реабилитации инвалидов с последствиями ерепно-мозговой травмы // Международная научно-практическая конференция «Инновационные технологии в области здравоохранения и медицинской реабилитации» - Алматы, 2003. – с. 219-228.
3. Исакова Е.В. Клинико-экономические и организационные аспекты оказания помощи больным церебральным инсультом./Автореф.дис.докт.мед.наук Москва 2007-47 с
4. Котов С.В., Неретил В.Я., Исаков Е.В. Новые подходы и перспективы в лечении и профилактике ишемического инсульта // В журнале «Альманах клинической медицины» М. –Т VIII-ч I 2005. с.216-219

ӘДК 614. 255. 13

#### УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК ЕТУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ МІНЕЗДЕМЕСІ

*М.Б. Қаржаубаева, М.Ә. Бөлешов, Т.А. Маймаков*  
*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы.*  
*АО «Национальный медицинский холдинг», г.Астана*

#### РЕЗЮМЕ

Результаты научного исследования показали, что работа участковых врачей амбулаторно – поликлинических учреждений характеризуется высокой напряженностью. Социологическое исследование проведенное среди них показало, что 45% врачей оценивают свою работу как тяжелый труд, более 40% из них нарушают режим питания. На качество работы 45,7% врачей определенное влияние оказывает неблагоприятный психологический климат в коллективе и в семье. 99% участковых врачей ежедневно в течение 3 – 4 часов занимаются домашним хозяйством. Неблагоприятный труд приводит к повышению уровня заболеваемости у 60% врачей, из них 9% получили стационарное лечение. Всего 17% врачей охвачены профилактическими мероприятиями. Результаты исследования показали о наличии значительных резервов повышения уровня здоровья участковых врачей.

#### SUMMARY

The research results showed that the work of district physicians of outpatient clinics characterizes the high tension. Sociological research carried out among them showed that 45% physicians evaluate their work as hard work, more than 40% of them break the regimen of good. On the quality of 45,7 % of doctors some impact adversely the psychological climate in the community in the family. 99% doctors on a daily basis for 3-4 hours engages in household work. Un favorable labor leads to increased disease in 60% of doctors, of whom 9 % received hospital treatment. Only 17% of physicians covered by prophylactic action. The research results showed the presence of significant reserves improve health of local doctors.

Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруде учаскелік қызметтің жұмысы ерекше орын алады. Учаскелік дәрігерлер барлық медицина қызметкерлерінің ішіндегі ең көп кездесетін дәрігерлер болып табылады. Оларға жыл бойы ересек тұрғындардың 60% , балалар мен жасөспірімдердің 75% қаралады. Өздерінің міндетін сапалы және жоғары дәрежеде атқаруы үшін олар өз біліктілігін тоқтаусыз жоғарылатып отыруы қажет. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін учаскелік дәрігерлердің мәдениетті, еңбек ету жағдайы, тұрмысы және денсаулығы жақсы болуы тиіс. Учаскелік дәрігерлердің 90 - 95% әйелдер, сондықтан олардың қосымша жүктемелері де бар. Оның ішінде үй шаруашылығымен айналысу, бала көтеру, оны босану және тәрбиелеп, өсіру міндеттері ерекше орын алады [1].

Сондықтан учаскелік дәрігерлердің өз қызметін атқарудағы еңбек ету жағдайын, тұрмысын, өз қызметіне қанағаттану дәрежесін қалай бағалайтындығы жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен қатар учаскеде жұмыс істеудегі болашақ жоспары мен мақсатын, кәсіби біліктілігін және мәдениетін арттыру мүмкіндігін анықтаудың да орны бөлек. Осы сұрақтарға жауап алу үшін учаскелік дәрігерлер арасында сұрақнама өткізілді. Сұрақнама арнайы бағдарлама арқылы жүзеге асырылды. Бағдарламаның алдына қойған мақсатына сәйкес оларға учаскелік дәрігер болып қалыптасу жолдары, біліктілігін жоғарылатудағы белсенділігі, еңбек ету жағдайы мен қызметін атқарудағы қиыншылықтар, өз жұмысына қанағаттану дәрежесі, учаскелік дәрігер болып жұмыс істеудің жоспарлы ұзақтығы, отбасылық – тұрмыстық жағдайы, өз денсаулығына көзқарасы туралы сұрақтар қойылды.

Дәрігерлердің жалпы қызметтік жүктемелерін және бос уақытын анықтау үшін олардың өз қызметіне, үй жұмыстарына, ұйқыға, демалысына және өз білімдерін жетілдіруге кететін уақытын сараптау тапсырылды. Осындай деректер дәрігерлердің жалпы тәуліктік уақытын жеке іс – шараларға жүктеу ерекшеліктерін анықтау үшін қажет болды. Алынған деректердің шынайылығын қамтамасыз ету үшін, дәрігерлермен жеке – жеке әңгімелесіп, оның өзге адамдарға құпиялығын жоғары дәрежеде қамтамасыз ету қажет болды. Сұрақнамаға 250 учаскелік дәрігерлер тартылды. Олар қаладағы 7 емханада және 12 дәрігерлік отбасылық амбулаторияларда жұмыс істейтін мамандар. Олар қала маңында учаскелік дәрігерлер болып істейтін мамандардың 35% құрады. Ал, жалпы учаскелік дәрігерлердің саны 714 адамды құрады. Сұрақнамаға тартылғандардың жастары бойынша таралуы төмендегідей болып шықты.

29 жасқа дейінгі үлес салмағы 26,2% құрады, 30 – 39 жасқа дейінгі үлес салмағы 34,8% құрады, 40 – 49 жасқа дейінгі үлес салмағы 22,7%, ал қалғанының жасы 50 – ден асқан мамандар болып шықты (16,3 %). Осы дәрігерлердің 38% учаскелік қызметтен бұрын бірнеше мамандықтарды өзгерткен. Сұрақнамаға тартылғандардың 63,5% педиатрия факультетін бітірген мамандар, 36,5% емдеу факультетін аяқтаған дәрігерлер.

Учаскелік дәрігерлер өзінің жұмыс жағдайы және жұмыс ауыртпалықтарын әр түрлі етіп бағалады. Дәрігерлердің 45% өз жұмысын өте ауыр деп бағалаған. Олардың осындай бағасы объективтік жағдайларға тура келеді. Себебі, олар аптаның 5 күні және кей жағдайларда сенбі күндері жұмыс атқарады және өзге дәрігерлерге қарағанда 3 сағаттан артық жұмыс істейді. Олардың жұмыс орнына жетуге кететін уақыт орта есеппен 50 – 60 минутты құрайды. Осыған қарағанда аптасына жол жүруге 11сағаттан артық уақыт құрайды. Учаскелік дәрігерлердің 20% медициналық бикештердің көмегісіз қабылдау жүргізеді. Басқаша айтқанда медициналық бикештердің жұмысын қоса атқарады.

Учаскелік дәрігерлердің 15% өзінің жеке қабалдау бөлмесі жоқ. Әрбір учаскелік дәрігерге бір қабылдау бөлмесі тиесілі. Сондықтан олардың жұмысы қосымша ауыртпалықтармен атқарылады. Учаскелік дәрігерлердің 40% астамы түскі асын ішпейді. Сондықтан олардың еңбек ету қабілеті түс қайта күрт төмендейді. Осыған қарағанда олардың жұмысы тәуліктің екінші жартысында аса тиімді емес. Сондықтан учаскелік дәрігерлердің 46% түс қайта немесе жұмыс басталғаннан 2 – 3 сағат өткеннен кейін өздерін шаршағандай сезінеді. Сонымен қатар жұмыста олар көптеген ұйымдастырушылық қиындықтарға ұшырайды. Ондай ұйымдастырушылық қиындықтарды дәрігерлердің 13% ғана атап өтпеген. Дәрігерлердің 87% ауруларды стационарға жатқызу үшін қиындықтарға ұшырайды.

Учаскелік дәрігерлердің 33% ауруларды мамандардың кеңесімен қамтамасыз етуде қиындықтарға ұшырайды. Дәрігерлердің 19% ішкі байланыстың жоқтығынан қиыншылықтарға ұшырайды. Дәрігерлердің 26% ішкі ереженің дұрыс еместігінен қиналысқа ұшырайды. Дәрігерлердің 57% өз учаскесін өзге дәрігерлердің қызмет көрсету аумақтарынан анағұрлым көп деп есептейді.

Учаскелік дәрігерлердің жұмысын ұйымдастыруда ұжымдағы психологиялық климат ерекше орын алады. Дәрігерлердің 70% ұжым мүшелерімен жақсы қатынас қалыптасқан. Алайда, учаскелік дәрігерлердің 21% еңбек ету ұжымдарында үнемі, күнделікті күйзелістік жағдайларға ұшырайды. Олардың жартысы аурулармен арақатынасқа байланысты, ал қалған жартысы өзінің әріптестерімен дұрыс қатынаспауынан туындайды. Учаскелік дәрігерлердің 34% күйзелістік жағдайлардың алдын – алу мүмкін емес деп есептейді. Жайлы психологиялық климат қалыптастыруда оларды материалдық тұрғыда ынталандыру ерекше орын алады [2].

Сұрақнаманың қорытындысы бойынша учаскелік дәрігерлердің 60% астамы жыл сайын материалдық тұрғыда ынталандырылған. Психологиялық климаттың жақсы болуына учаскелік дәрігерлердің өз жұмысына деген қанағаттануы ерекше орны алады. Учаскелік дәрігерлердің 46% өз жұмысына қанағаттанатындығын көрсетеді. Дәрігерлердің 76% үлкен ынтамен жұмыс істейді. Алайда, олардың ішінде өз жұмысына қанағаттанбайтын дәрігерлер бар. Олардың үлес салмағы 12% жетеді. Осы дәрігерлердің 7% өзге мамандықтарға ауысқысы келеді немесе учаскесін ауыстырғысы келеді.

Дәрігерлердің жұмыс сапасына олардың отбасылық жағдайы ерекше әсерін тигізеді. Сұрақнаманың қорытындысына қарағанда учаскелік дәрігерлердің 79,2% некеде тұрады. Орта есеппен екі балалары бар. Бұл дәрігерлердің балалары көбінесе мектепке дейінгі жастағы балалар. Сондықтан оларды күтуге, қамқорлыққа алуға өте көп уақыт кетеді. Учаскелік дәрігерлердің балалары көбінесе мектепке дейінгі тәрбиеленетін мекемеге барады (69,2%). Ал, қалғандары үйінде тәрбиеленеді. Сондықтан оларды күтіп – бағуға кететін дәрігерлердің уақтысы өте үлкен. Учаскелік дәрігерлердің 73% жеке тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Алайда, олардың ішінде пәтер жалдап тұратындарының үлес салмағы да аз емес (27%) [3].

Учаскелік дәрігерлердің отбасы мүшелеріне балап есептегенде табысы орта есеппен 9200тг құрайды (89,3%). Ал дәрігерлердің 10,7% бұл көрсеткіштен төмен болып қалыптасқан. Учаскелік дәрігерлердің 25% әрбір отбасы мүшесінің тұрғын үйде тұру аумағы 6м2 төмен. Ал 50% астамында тұрғын үйдегі өмір сүру аумағы 10м2 жоғары. Осыған қарағанда учаскелік дәрігерлердің көпшілігі жайсыз тұрмыстық жағдайда өмір сүретіндігін көрсетеді. Учаскелік дәрігерлердің 27,9% отбасында дау – жанжал болатындығын атап өткен. Сондықтан олардың жұмыс сапасы және көңіл – күйі үнемі төмен болып қалыптасқан. Учаскелік дәрігерлердің 99% күнделікті үй жұмысымен айналасатындығын және оның 3 – 4 сағатқа созылатындығын атап көрсеткен. Осыған қарағанда учаскелік дәрігерлердің күнделікті атқаратын еңбегі 13 – 14 сағатқа созылады. Сондықтан дәрігерлердің көпшілігі жөнді ұйықтамайды және жұмысқа шаршап оралады. Олардың сұрақнамаға берген жауабында тек қана учаскелік дәрігерлердің 21% жұмысқа толық қуатпен, демалған күйде оралатындығын көрсетеді [4,5].

Жалпы учаскелік дәрігерлердің күнделікті бос уақыты 2,5 – 3 сағаттан артпайды. Ал бос уақытында көбінесе теледидар көрумен және газет – журналдар оқумен айналысады. Өздерінің біліктілігін арттыруға 30 – 40 минут уақыты бар. Учаскелік дәрігерлердің 56% арнайы медициналық әдебиеттерді оқиды. Олардың 40% пассивті демалыспен айналысады.

Пассивті демалыстың ұзақтығы 60 минуттан аспайды. Учаскелік дәрігерлердің еңбекке қабілеттілігін арттыратын олардың денсаулығы. Сондықтан олардың денсаулығы туралы мәліметтер жиналды. Жалпы учаскелік дәрігерлердің 75% тексерілген жылы өздерін нашар сезінетінін және шаршағандықтарын атап өткен. Учаскелік дәрігерлердің 60% ауруға байланысты аурушандық құжатын алған. Олардың 9% стационарлық жағдайда емделген. Учаскелік дәрігерлердің 38% созылмалы аурулары бар. Алайда осы ауру дәрігерлердің тек қана 56% білікті дәрігерлерге қаралады, ал қалғаны өз бетімен емделгенін айтады.

Учаскелік дәрігерлердің 94% жыл сайын қайталап медициналық профилактикалық тексерулерден өтеді. Алайда, дәрігерлердің профилактикалық кеңестерін тек қана олардың 17% орындайды. Учаскелік дәрігерлердің 12% күнделіктігіне тәрбиесімен айналысады.

Сонымен учаскелік дәрігерлердің еңбек ету жағдайы тұрмысы, өмір сүру салты, олардың еңбек ету жағдайына айтарлықтай әсерін тигізеді. Дәрігерлердің көпшілігі өз денсаулықтарына жөнді қамқорлық жасамайды. Алайда бұл себептердің болуының алады – алуға, олардың еңбек ету жағдайларын жақсартуға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтманбетова А.А. О положении медицинских работников в условиях рыночных отношений. //Новые технологии в медицине и фармации.: Материалы Международной конференции, посвященной 10 – летию независимости РК. – Астана, 2000. - с.15.
2. Айтманбетова А.А. Алматы қаласының бірқатар медициналық мекемелері дәрігерлерінің қоғамдағы әлеуметтік орны.//Медицина денсаулық жылдарында: Ғылыми, оқу - әдістемелік еңбектер жинағы. – Алматы, 2002- 7 – 10б.
3. Камалиев М.А., Шумбалов Н.М., Бигалиев М.Х. и др. Социологическая оценка профессии врача в современном обществе. //Проблемы фундаментальной науки и клинической медицины: сборник научных трудов КазНМУ. Алматы, 2004. – с. 169 -171.
4. Рева В.Д. Состояние здоровья врачей и его зависимость от условия труда и быта.// Автореф.дис.канд.мед.наук. Москва – 1988 –24с.
5. Алферова Т.С. Использование демографических методов для оценки состояния здоровья врачей.//Сб.: Медицина и демография. Москва. Новокузнецк, 1984. – с. 46 – 48.

УДК:613.6:543.383.2

#### ЗАБОЛЕВАЕМОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ, ПРИЛЕГАЮЩАЯ К РАЙОНУ ДИСЛОКАЦИИ НЕФТЕПЕРЕРАБАТЫВЮЩЕГО ПРОИЗВОДСТВА

Г.А. Алиева

Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент

#### ТҮЙІН

Мұнай өңдеу зауыты аумағында тұратын адамлар арасында қан және қан жасау орандарының, тыныс алу және нерв жүлесі аурулағы жоғары жүлесі аурулағы жоғары денгелде қалыптасқан. Олардың қалыптасуына мұнай өңдеу зауытынан бөленетін қалдықтардың әсері, оның ішінде көмір сутектерінің зияндылығы ерекше екендігі ғылыми зерттеу жұмысының қортындысында анықталды.

## SUMMARY

The results of research showed, that in the region of deployment of the oil-refinery factory increases a sick-rate of the population at diseases of blood and blood producing organs, diseases of the respiratory organs, the nervous system and the sense organs, which for certain connects with the polluted atmospheric air by discharge of the oil-refinery industry, supporting hydrocarbon compounds.

Здоровье человека - естественное состояние организма, характеризующееся его уравниванием с окружающей средой и отсутствием каких-либо болезненных изменений. Такой подход характеристики здоровья особенно важен в отношении населения, проживающих в зоне экологических отклонений, где загрязнение окружающей среды происходит химическими поллютантами малой интенсивности. [1,2]

Состояние здоровья населения закономерно рассматривают как одну из важных медико-социальных критериев оценки экологической ситуации и условий их жизни в целом. Основными источниками загрязнения атмосферы промышленных городов являются выхлопные газы автотранспорта, выбросы стационарных производственных объектов и объектов быта. В загрязнении атмосферы городов велика доля выбросов промышленных предприятий расположенных вблизи селективных зон. При этом на долю предприятий нефтепереработки приходится около половины выбросов сернистого ангидрида, более 60% оксида углерода, более 90% сероводорода. [3,4]. У населения, проживающие в селективных зонах промышленного района с различными видами загрязнений, атмосферный воздух индекс здоровья 2-3 раза ниже, чем у населения контрольных районов.

Население, которое подвергается воздействию углеводородных соединений нефтепереработки, болеет 3 раза чаще, чем те лица, которые не подвергаются влиянию выбросов нефтеперерабатывающего завода. Для установления истинного состояния заболеваемости населения, проживающего в районе дислокации нефтеперерабатывающего производства, выполнен углубленный медицинский осмотр. Общее число выставленных диагнозов (без учета стоматологии) составило в юго-восточной зоне- 245,9 на 100 осмотренных, в северо-западной зоне- 164,3 на 100 осмотренных. о время медицинского осмотра около 75% диагнозов было составлено впервые.

**Ранговая структура классов болезней детского населения имела следующий вид:**

Юго-восточная зона	Северо-западная зона
1. Болезни крови и кроветворных органов (87,26 на 100 осмотренных)	1. Болезни крови и кроветворных органов (68,73 на 100 осмотренных)
2. Болезни органов дыхания (34,98 на 100 осмотренных)	2. Болезни эндокринной системы (19,64 на 100 осмотренных)
3. Болезни нервной системы (26,32 на 100 осмотренных)	3. Болезни глаза и его придатков (16,28 на 100 осмотренных)
4. Болезни глаза и его придатков (27,40 на 100 осмотренных)	4. Болезни органов дыхания (13,70 на 100 осмотренных)

В юго-восточной зоне у детей достоверно чаще, чем у северо-западной зоны регистрировались болезни крови и кроветворных органов, психические расстройства, болезни нервной системы, болезни глаза и его придатков, болезни системы кровообращения, болезни органов дыхания, болезни органов пищеварения, болезни мочеполовой системы, врожденные аномалии и пороки развития.

В северо-западной зоне выявлен достоверно более высокий уровень болезней уха и сосцевидного отростка, болезней кожи и подкожной клетчатки.

Болезни органов дыхания во всех исследуемых объектах представлены в основном хроническими болезнями миндалин и аденоидов, хроническим ринитом, назофарингитом и фарингитом. Болезни нервной системы были представлены в основном вегето-сосудистой дистонией и внутричерепной гипертензией. Вегето-сосудистая дистония достоверно чаще встречалась среди детского населения юго-восточной зоны, чем в северо-западной зоне. Уровни распространенности внутричерепной гипертензии относительно равны в исследуемых населенных пунктах. Болезни глаза и его придатков были представлены в основном нарушениями рефракции и аккомодации (гиперметропия, миопия). Болезни эндокринной системы достоверно чаще регистрировались в северо-западной зоне (19,64 на 100 осмотренных). Наиболее распространенной патологией являлся эндемический зоб. Стоматологическая патология достоверно чаще регистрировалась у детей, проживающих в юго-восточной зоне (100,4 на 100 осмотренных). Наиболее распространенными патологиями были кариес, гингивит и болезни пародонта. Общий уровень патологической пораженности подростков составило в юго-восточной зоне 285,1 на 100 осмотренных, в северо-западной зоне – 241,2 на 100 осмотренных.

В среднем около 79% диагнозов было выставлено впервые. Среди подростков проживающих в юго-восточной зоне, достоверно чаще регистрировались психические расстройства, болезни нервной системы,

болезни глаза и его придатков, болезни органов дыхания, болезни костно-мышечной системы и соединительной ткани. В северо-западной зоне выявлен более высокий уровень болезней крови и кроветворных органов, болезни эндокринной системы, болезни уха и сосцевидного отростка.

Среди болезней органов дыхания чаще встречались хронические риниты, назофарингиты и фарингиты, хронические болезни миндалин и аденоидов. Эти патологии достоверно чаще регистрировались в юго-восточной зоне. Болезни кожи и подкожной клетчатки достоверно чаще регистрировались среди подростков в северо-западной зоне (28,43 на 100 осмотренных). Среди подростков выявлен значительный уровень распространенности стоматологической патологии. Максимальный уровень зарегистрирован в юго-восточной зоне (155,9 на 100 осмотренных). Взрослое население, проживающее в юго-восточной зоне имеет более высокий уровень патологической пораженности составляет 423,1 на 100 осмотренных. В среднем более 61% диагнозов выставлено впервые.

**Ранговая структура классов болезней взрослого населения имеет следующий вид:**

Юго-восточная зона	Северо-западная зона
1. Болезни крови и кроветворных органов (66,25 на 100 осмотренных)	1. Болезни крови и кроветворных органов (57,43 на 100 осмотренных)
2. Болезни мочеполовой системы (51,26 на 100 осмотренных)	2. Болезни мочеполовой системы (55,25 на 100 осмотренных)
3. Болезни глаза и его придатков (46,31 на 100 осмотренных)	3. Болезни системы кровообращения (34,26 на 100 осмотренных)
4. Болезни органов дыхания (39,32 на 100 осмотренных)	4. Болезни органов пищеварения (41,39 на 100 осмотренных)

В юго-восточной зоне достоверно чаще регистрировались болезни крови и кроветворных органов, психические расстройства, болезни глаза и его придатков, болезни органов дыхания, болезни костно-мышечной системы, в северо-западной зоне – болезни уха и сосцевидного отростка. Болезни крови и кроветворных органов представлены анемиями. Данная патология чаще встречалось у женщин. В юго-восточной зоне показатель заболеваемости женщин равен 82,09 на 100 осмотренных, а в северо-западной зоне- 73,57 на 100 осмотренных. Уровень распространенности анемий среди женщин фертильного возраста составил соответственно 83,0 на 100 осмотренных, 72,93 на 100 осмотренных.

Сравнение результатов медосмотра с материалами ЮНИСЕФ свидетельствует о достоверно более высоком уровне распространенности анемий среди женщин фертильного возраста юго-восточной зоны. Здесь выявлен достоверно больший удельный вес женщин с анемией средней степени тяжести и тяжелой. Уровень распространенности болезней мочеполовой системы представлен хроническим пиелонефритом, мочекаменной болезнью и воспалительными болезнями женских тазовых органов. Наиболее высокий показатель патологической пораженности населения данным классом болезней зарегистрирован в юго-восточной зоне.

Болезни органов дыхания наиболее распространены среди жителей юго-восточной зоны (39,32 на 100 осмотренных). Данный класс болезней представлен хроническим ринитом, назофарингитом и фарингитом, хроническими болезнями миндалин и аденоидов, хроническим бронхитом. Уровень распространенности стоматологической патологии юго-восточной зоны равен 173,2 на 100 осмотренных, а северо-западной зоне 76,64 на 100 осмотренных. Проведенный медицинский осмотр впервые позволил получить объективную характеристику здоровья населения юго-восточной зоны.

Таким образом, установлены статистически достоверные различия заболеваемости между жилыми зонами. В целом, жители поселка юго-восточной зоны болеют чаще такими заболеваниями, как болезни крови и кроветворных органов, болезни органов дыхания, болезни глаза и его придатков, психические расстройства, болезни нервной системы.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Садибекова Ж.У. Особенности формирования здоровья работающих в нефтеперерабатывающем производстве: автореф. дис. канд. мед. наук.- Бишкек, 2002. С.26.
2. Жайсакова Д.Е. Клинико-эпидемиологическое обоснование патологии ЛОР - органов среди населения и работающих в условиях экологически неблагоприятного региона Западного и Южного Казахстана: автореф. дисс. докт. мед. наук.- Астана, 2001. с.48.
3. Михайлова Е.В. Состояние здоровья детей в условиях загрязнения атмосферного воздуха // Гигиена и санитария. 2005. -№2. с. 49-51.
4. Кынатбеков Б.Ж., Конакбаева З.К. Уровень и структура истинной заболеваемости населения, проживающего вблизи газоперерабатывающего завода// Здравоохранение Казахстана. - 1998г. №1-2. -С.15-46.

УДК – 616.831.319-008.6-036.22

## ЦЕРЕБРАЛЬДЫ ИНСУЛЬТ БОЙЫНША МҮГЕДЕКТІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯСЫ

С.Қ. Еркебаева

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы.

## РЕЗЮМЕ


Среди жителей города Шымкента растет уровень инвалидности в связи с церебральным инсультом, которые обусловлены артериальной гипертензией, атеросклерозом сосудов головного мозга, сахарным диабетом. Последствия церебрального инсульта усугубляются в связи с некачественной организацией и несвоевременностью стационарного лечения, а также неправильной организацией реабилитационных мероприятий.

## SUMMARY

Among residents of the city of Shymkent increases the level of disability due to cerebral stroke, which are caused by arterial hypertension, cerebral arteriosclerosis, diabetes mellitus.


Consequence of cerebral stroke, compounded by the poor organization of the rehabilitation care.

Церебральды инсульт ауруына байланысты туындаған мүгедектік пен ерте жастан өлім оқиғаларын төмендету үшін науқастардың арасында кешенді зерттеу жұмысын жүзеге асыру арқылы әлеуметтік тұрғыда негізделген оңалту шараларының бірыңғай жүйесін жасауға қол жеткізілді. Қазіргі таңда церебральды инсульты бар науқастарға ұйымдастырылатын алғашқы медициналық көмек сапасы төмен. Әсіресе амбулаторлық – емханалық және жедел медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру мәселесі ақсап жатқандығын көрсетіп отыр. Осы науқастар арасындағы медициналық көмекті ұйымдастыруды ғылыми тұрғыда негіздеу үшін кешенді зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Оны арнайы бағдарлама бойынша және жетік әдістемелерге сүйене отырып жүргіздік. Зерттеу барысында медициналық – статистикалық, социологиялық сараптау және математикалық модельдеу әдістері қолданылды. Біздің зерттеуімізге инсульт ауруына шалдығып, мүгедек болған 140 ауру тартылды. Олардың арасында сұрақнама әдісімен медициналық көмек сапасы және оңалту шараларының тиімділігі анықталды. Сонымен қатар денсаулық сақтау мекемелерінде жүргізілген ресми медициналық құжаттардың көмегімен аурушандық, мүгедектік және ерте жастан өлім оқиғаларының осы науқастар арасында таралу деңгейі кешенді түрде зерттелді. Біз жинаған статистикалық деректерге қарағанда алғашқы мүгедектік көрсеткішінің деңгейі динамикалық өсу үстінде екендігі байқалады. Егер 2005 ж. алғашқы мүгедектіктің деңгейі 1,97 оқиғаны құраса, 2009ж. оның деңгейі 2,13 оқиғаға жетіп отыр. (1 сурет)




1 сурет - Церебральды инсульт ауруынан туындаған алғашқы мүгедектік (%)

Айта кететін жағдай мүгедектіктің динамикасы алғашқы жылдан бастап тоқтаусыз өсе беруде. Алғашқы мүгедектіктің құрылымы бойынша мынандай ерекшеліктер анықталды. Мүгедектікке алып келген аурулардың негізгі бөлігін қанайналым жүйесінің ауруларынан туындайтын алғашқы мүгедектік құрап отыр (24,0). Дәл осы мүгедектің құрамында инсульт ауруының үлес салмағы 7,4% құрайды. (2 сурет)




2 сурет - Алғашқы мүгедектіктің құрамдық ерекшеліктері (%)

Инсульт ауруынан туындайтын мүгедектіктің жоғарылауына ең үлкен үлес қосатын 40 – 58 жас аралығындағы тұрғындар, ал мүгедектіктің топтарына жіктеу I топқа жататындардың үлес салмағы – 28,5%, 59,2% - II топтағы мүгедектер, III топтағы мүгедектердің үлес салмағы – 12,3% құрайды.(3 сурет)




3 сурет - Инсульт ауруы бойынша мүгедектердің топтық ерекшеліктері (%)

I топтағы мүгедектердің арасында жұмыс істейтіндерінің үлес салмағы – 10,5%, жұмыс істемейтіндерінің үлес салмағы – 89,5%. II топтағы мүгедектердің 35% жұмыс істейтіндер, 65% жұмыс істемейтіндер. III топтағы мүгедектердің 60% жұмыс істейтіндер, 40% жұмыс істемейтіндер.(4 сурет)



4 сурет - Инсульттен мүгедек болған аурулардың еңбек етуге қатынасы (%)

Алғаш рет инсульттен мүгедек болғандардың денсаулығына кәсіби – өндірістік себептерінің әсерін бағалау үшін жұмысшылар мен қызметкерлер арасында алғашқы рет мүгедектікке ұшырағандардың деңгейі мен құрамын зерттедік. Алғаш рет церебральды инсульт ауруына байланысты мүгедектікке ұшырағандардың 69,5% жұмыс істемейтін тұлғалар болып шықты. Олардың 45,3% әйелдер, 54,7% ер кісілер болып шықты. Мүгедектікке ұшырағандардың 30,5% жұмыс істейтіндер қатарына жатады. Олардың 22,9% әйелдер, 77,1% ер кісілер болып шықты. Алғаш рет мүгедектікке ұшырағандардың әлеуметтік құрамын зерттеу олардың 72,5% жұмысшылардан, 21% қызметкерлерден тұратындығы анықталды. Алғаш рет мүгедектікке шыққандардың 6,5% жұмысы мен кәсібі болмаған. Жұмысшылардың арасында туындаған мүгедектіктің негізгі себебі (72,5%) ишемиялық инсультқа байланысты болып шықты, қалғаны геморрагиялық. Инсультқа ұшырағандардың денсаулық жағдайының олардың мүгедектік тобына, емделу сапасына, стационарлық емді қабылдау жиілігіне және оңалту шараларының сапасына тікелей корреляциялық байланысы бар. Церебральды инсультпен әлеуметтік категория аурулардың дер кезінде медициналық көмекке қаралуына әсерін тигізеді. Зерттеу нәтижелері ауыр физикалық еңбекпен айналысатын жұмысшылардың арасындағы мүгедектік оқиғаларының өте ауыр болып қалыптасатындығын және көптеген асқынуларға алып келетіндігін анықтады. Оған медициналық көмекті дер кезінде алмау және тексерулердің толық болмауы себеп болады. Зерттеу нәтижелері церебральды инсультпен ауырғандардың білім деңгейіне қарай таралу нәтижелерін көрсетті. Олардың негізгі бөлігі (46,1%) білімдері төмен, бастапқы деңгейдегі білімі бар тұлғалардың арасында ұшырасатындығы анықталды. Орта білімділер арасында церебральды инсульт оқиғалары 23,9% жетті, орта арнайы білімділерде 21,2%, білімдері толығынан жоғары емес тұлғалардың арасында 7% болса, жоғары білімділердің арасында 1,8% құрайды.(5 сурет)




5 сурет - Миына қан кеткен аурулардың білім деңгейі (%)



Бұл жағдай білімі жоғары тұлғалардың арасында өз денсаулығына деген қамқорлықтың және медициналық белсенділіктің жақсы екендігін көрсетеді, ал неғұрлым білімі төмен болған сайын аурулардың арасында өз денсаулығына деген қамқорлық нашар, санитарлық – медициналық білімі төмен және дәрігерлерге дер кезінде қаралу оқиғалары сирек болып қалыптасқан.


Алынған нәтижелердің қорытындысы мынадай деректерді көрсетті: I топтағы мүгедектердің арасында білімі төмен, орта және арнайы орта тұлғалардың үлес салмағы 90% жетеді. II топтағы мүгедектердің арасында білімі төмен, орта және арнайы орта тұлғалардың үлес салмағы 82,3% құрайды. III топтағы мүгедектердің арасында білімі жоғары тұлғалардың үлес салмағы 32,9% жетеді.

Сонымен қатар инсульт бойынша мүгедектіктің білімі мен мүгедектік тобының тікелей және жоғары корреляциялық байланысы бар екендігі анықталды.(6 сурет)




6 сурет - Мүгедектік топтарының аурулардың білім деңгейіне корреляциялық байланыстығыздығы ( $r=0-1.0$ )

Мүгедектіктің кәсібі бойынша таралуын сараптау мынандай ерекшеліктерді анықтады: жұмысшылардың арасында жеңіл физикалық еңбекпен айналысатындары 39,2% құрады, ауыр физикалық еңбекпен айналысатындары 23,3% құрады, орта дәрежедегі физикалық еңбекпен айналысатындардың үлес салмағы 28,5% түзеді, ал ой еңбегімен айналысатындардың үлес салмағы 9% жетеді.(7 сурет)



7 сурет - Церебральды инсультке шалдыққан аурулардың алғашқы мүгедектігінің еңбек ету ерекшелігімен байланысы (%)

Церебральды инсульт ауруына байланысты қалыптасқан мүгедектік дәрежесінің таралу динамикасын сараптау (2006 – 2009ж.ж) I топтағы мүгедектердің бірте – бірте азайғандығын байқатты.(8 сурет)



8 сурет. Церебральды инсульт ауруына байланысты қалыптасқан мүгедектік дәрежелерінің таралу динамикасы (%)


Егер 2006ж. олардың жалпы мүгедектік ішіндегі үлес салмағы - 29% құраса, 2007ж. - 28,6%, 2008ж. - 28,9%, ал 2009ж. - 27,2% құрап отыр, яғни церебральды инсультке байланысты мүгедектің ең ауыр түрлері (I топ) бірте – бірте төмендеп келе жатқандығы көрініп отыр. Оның негізгі себебіне тұрғындардың арасында салауатты өмір сүру салтын уағыздау жұмысының белсенді ұйымдастырылуы, аурулардың диспансеризациясының жақсаруы, олардың медициналық және санитарлық білімінің артуы, өз денсаулығына деген қамқорлықтың жоғарылауы сияқты себептердің оңды ықпалынан туындаған деп есептеу керек.

II топ мүгедектерінің жалпы мүгедектік көрсеткішінің ішінде таралуы біршама өзгерістерге ұшырады, оның динамикасында да бірте - бірте, бірақ өте төмен мөлшерде үлес салмағының азаюы байқалады. Егер

2006ж. оның жалпы мүгедектіктің ішіндегі үлес салмағы 58,5% құраса, 2007ж. 57,9%, 2008ж. 57,4%, 2009ж. 58,4% құрады. Алынған нәтижелер осы аурулар бойынша қалыптасқан II топ мүгедектік оқиғаларының бірте – бірте төмендеу үстінде екендігін байқатты. Бұл жағдайды да жоғарыда атап өткен профилактикалық шаралардың тиімділігі арқылы түсіндіруге болады.

I және II топтағы мүгедектердің үлес салмағының төмендеуі III топ мүгедектерінің үлес салмағының бірте – бірте жоғарылауына себеп болып отыр. Егер 2006ж. олардың үлес салмағы 12,5% құраса, 2007ж. 13,5%, 2008ж. 13,7%, 2009ж.14,4% құрады. Сонымен зерттеу нәтижелері церебральды инсультқа байланысты туындаған мүгедектіктің бірте – бірте жеңіл түрде қалыптасуына жағдай туғандығын және профилактикалық шаралардың анағұрлым тиімді бола бастағандығын байқатады.


Зерттеу барысында алынған нәтижелерге қарағанда церебральды инсультке алып келетін қатерлі себептер қатары көп жағдайда дұрыс анықталмаған (55%). Инсультке алып келетін негізгі себептердің алдыңғы қатарында психоэмоционалдық жүктемелер бар. Осы себептердің қосатын үлес салмағы - 23,9% жетті. Екінші рангалық орында миокард инфарктісі. Оның инсульт ауруына қосатын үлесі - 19,4% жетеді. Үшінші орында аритмиялар (16,4%), ал төртінші орында физикалық жүктемелер мен алкогольдік ішімдіктерді қабылдау (әрқайсысы 11,9%) орналасқан. Өзге белгісіз себептердің үлесіне - 16,5% тиесілі болып отыр.(9 сурет)



9 сурет - Инсультке алып келетін қатерлі себептердің таралу деңгейі (%)


Инсульт ауруына байланысты дер кезінде адекваттық емдік шаралармен қамтамасыз етілу деңгейін зерттеу алғашқы сағаттан бастап толыққанды емделу шараларын алғандардың үлес салмағы - 36,1% құрағандығын көрсетті. Олардың ішінде алғашқы сағаттан бастап стационарда емделгендердің үлес салмағы - 28,8% жетті. Толық емдеу курсы екінші тәуліктен бастап алғандардың үлес салмағы - 11,4% құрады, екінші тәуліктен бастап стационарда емделгендердің үлес салмағы - 9,9% құрады. Амбулаторлық жағдайда емделгендердің үлес салмағы - 6,7% болды, ал алғашқы тәуліктен стационарда емделгендердің үлес салмағы - 4,5 % түзеді. Амбулаторлық жағдайда дұрыс емделмегендердің үлес салмағы - 2,2% жетті, ал алғашқы сағаттардан бастап сапасыз емдік шараларды қабылдау оқиғаларының үлес салмағы - 0,2% құрады.(10 сурет)

Бұл аурудың туындауына артериалды гипертензияның қосатын үлес салмағы - 42,4% болса, қан тамырлардың атеросклерозы инсульт ауруының туындауына - 25,1% дейін үлес қосады. Қант диабеті - 13,9%, жүрек ауруларына байланысты ми тамырларының тромбоэмболиясы - 12,8% үлес қосады. 2 және 3 – дәрежедегі дисциркуляторлық энцефалопатия және мойын омыртқаларының патологиялары біріге отырып церебральды инсульттің дамуына - 5,4% үлес қосады. Бастың ішкі және сыртқы тамырларының туа біткен аномалиялары - 0,5% өз әсерін тигізеді екен.(11 сурет)



10 сурет - Инсультқа байланысты дер кезінде адекватты емдік шаралармен қамтамасыз етілу деңгейі (%)

Сонымен, Шымкент қаласы тұрғындары арасында церебральды инсульт ауруынан туындаған алғашқы мүгедектік оқиғалары артериалдық гипертензияның, қан тамырлары атеросклерозының, қант диабетінің және ми – қан тамырларының тромбоэмболиясының жиілеуінен, сонымен қатар аурулардың дер кезінде және сапалы стационарлық көмекпен қамтамасыз етілмеуінен динамикалық тұрғыда өсу үстінде.



11 сурет - Инсульт ауруының этиологиясы бойынша таралуы (%)

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Булешов М.А.,Тубанова М.А.,Саурбаева Б.Д.,Есалиев А.А. Методические проблемы изучения здоровья населения в условиях воздействия многофакторных динамических систем . // Труды международной научной конференции – Шымкент 2008.-с.222-225.
2. Исакова Е.В. Клинико-экономические и организационные аспекты оказания помощи больным церебральным инсультом./Автореф.дис.докт.мед.наук Москва 2007-47 с
3. Котов С.В., Неретил В.Я., Исаков Е.В. Новые подходы и перспективы в лечении и профилактике ишемического инсульта // В журнале «Альманах клинической медицины» М. –Т VIII-ч I 2005. с.216-219

УДК 612.223.3: 546.81: 314.4

## ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ МЕДИКО-СОЦИАЛЬНЫХ ФАКТОРОВ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ РАБОТНИКОВ СВИНЦОВОГО ПРОИЗВОДСТВА БОЛЕЗНЯМИ ОРГАНОВ КРОВООБРАЩЕНИЯ

С.М. Саркулова, Д.М. Булешов

Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент

## ТҮЙІН

Зерттеу нәтижесі қорғасын өндірісі жұмысшылары арасында таралған жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының түзелуіне медициналық-әлеуметтік себептердің қосатын үлесі айтарлықтай жоғары екендігі анықталып отыр. Жұмысшылар арасында гиперхолестеринемия, гипокинезия, Семіздік Темекі тарту және алкогольдік ішімдікке салыну оқиғалары өте жоғары болып шықты. Сонымен қатар зиянды еңбек ету ортасында ұзақ жылдар бойы жұмыс атқару қанайналу жүйесі ауруларының деңгейін арттыра түседі.

## SUMMARY

The long work in unfavorable conditions of the lead production, hypercholesterolemia, hypodynamy, obesity, smoking and alcohol drinking are the main causes of increasing the spread of cardiovascular disease at the lead factory.

В научных исследованиях в области общественного здравоохранения не уделяется должного внимания вопросам интегрированного влияния социальных, экологических и производственных профессиональных факторов на уровень распространенности и профилактики сердечно-сосудистых заболеваний. Между тем, решение данной проблемы особенно актуально для работающих на промышленных предприятиях, так как в отдельных производственно-профессиональных группах отчетливо проявляется негативное влияние факторов условия труда на уровень и структуру сердечно-сосудистых заболеваний у работающего населения. Между тем, традиционный акцент на совершенствование методов диагностики и лечения уже развивающихся заболеваний не может принципиально изменить неблагоприятную ситуацию сложившуюся с сердечно-сосудистыми заболеваниями. Достижения в области снижения смертности от сердечно-сосудистых заболеваний, отмеченных в развитых Европейских странах, объясняются не только повышением эффективности медикаментозной терапии и успехами кардиохирургии, но и активным и правильным проведением целого комплекса профилактических и оздоровительных мероприятий среди здорового контингента населения с учетом их социальных и профессионально-производственных особенностей.

Среди лиц основного производства уже в молодом возрасте (20-29 лет) отмечали меньшую частоту встречаемости здоровых рабочих. Среди малостажированных лиц удельный вес здоровых составил 67,7%, а после 10 работы лет работы он резко снижался - на 27,7%. То есть, среди рабочих основного свинцового производства после 10 лет работы процент здоровых лиц сокращался до 50% и был достоверно ниже, чем в контрольной группе (p<0,05).




Рисунок 4 - Частота артериальной гипертензии у рабочих в зависимости от стажа

Распространенность сердечно-сосудистых заболеваний в современных условиях зависит не только от влияния экологических факторов риска, но и воздействием на их частоту ряда социальных факторов, непосредственно связанных с образом жизни, условиями труда и быта. Изучение распространенности случаев избыточной массы тела показало, что среди рабочих основных профессии его показатель составил 12,9%, вспомогательной группе 8,8%, а в популяции 8,6%. В целом избыточная масса тела (ИМТ) выявлена у 12,7% мужчин и 13,1% женщин, занятых во вредных условиях труда на производстве. Изучение распространенности случаев избыточной массы тела по возрастным группам показало, что в возрасте 20-29 лет. Избыточная масса тела выявлена у 2,2%, в возрасте 30-39 лет у 5,8%, в возрасте 40-49 лет у 17,2%, в возрасте 50-59 лет у 19,4%, а в возрасте 60 лет и старше у 18,6%.

В случаях распространенности ИМТ достоверная разница у рабочих основной профессии встречалась в возрасте 40-49 лет (17,2%) и почти на 6,3% и 7,4% превысила уровень показателя, сложившихся у рабочих вспомогательной профессии и городской популяции. Изучение распространенности избыточной массы тела в зависимости от стажа работы на производстве показала, что она как фактор риска развития сердечно-сосудистых заболеваний достоверно чаще ( $p > 0,01$ ) встречается у рабочих основной группы при стаже 11-15 лет и повышает показатель рабочих вспомогательной профессии 3,8 раза, при стаже 16-20 лет 4,2 раза и при стаже более 20 лет почти 4,5 раза. Как известно, все негативные характеристики образа жизни в той или иной мере способствуют увеличению уровня общей заболеваемости, в частности уровня заболеваемости болезнями органов кровообращения. Изучение образа жизни работающих свинцового производства показывает, что наиболее весомый отрицательный вклад на состояние здоровья обследуемой группы вносят курение и употребления алкоголя.

Полученные научные данные показали, что 68,1% работающих свинцового производства курят, в том числе 83,4% мужчин, 23,9% женщин. Установлено, что в возрасте 20-29 лет курят 37,9% работающих в основных цехах и 38,6% работающих во вспомогательных цехах. В возрастной группе 30-39 лет - 74,3% рабочих основных профессии и 72,1% вспомогательного персонала; 40-49 лет - 88,5% и 87,4% курящих работников соответственно. Этому возрасту приходится самый высокий уровень распространенности случаев курения, а в последующих возрастных группах наблюдается снижения уровня случаев распространенности курения. Изучение количества выкуриваемых сигарет в день в зависимости от возраста курящих показало, что среди них более 65,7% выкуривают за день до 10 сигарет, 25,2% до 15 сигарет и 4,1% более 15 сигарет и 4,8% до 5 сигарет в день.

Таким образом с увеличением возраста удельный вес злоупотребляющих курением увеличивается, что может негативно отразиться состоянии здоровья и привести к увеличению распространенности сердечно-сосудистых заболеваний. Употребление алкоголя выявлено у 27,8% работающих основных и 28,0% работающих вспомогательных производств свинцового завода. Установлено, что удельный вес употребляющих алкогольные напитки среди обследованных в возрасте 20-29 лет составил 15,3%, в 30-39 лет - 31,9%, в 40-49 лет - 37,8%, в 50-59 лет - 24,3% и возрасте 60 лет и старше - 18,2%. Исследование показало, что по уровню распространенности случаев употребления алкоголя среди работающих основных и вспомогательных цехов достоверной разницы не установлено. Одним из факторов риска развития сердечно-сосудистых заболеваний является гиперхолестеринемия. Установлено, что средние значения содержания общего холестерина в плазме крови у работающих основных цехов производства составили  $5,10 \pm 0,1$  ммоль/л, а у работающих во вспомогательных цехах  $3,91 \pm 0,2$  ммоль/л, в популяции  $3,54 \pm 0,03$  ммоль/л.

13. Крятов И.А., Можаяв Е.А.Канцерогенные и другие опасные вещества в воде (обзор)// Гигиена и санитария.-1993.-№9.-С.20-22.
14. Красовская М.Л., Дмитриев М.Т., Куляш Т.А., Растянный Е.Г.Химические и фотохимические превращения производственных выбросов в атмосфере// Гигиена и санитария.- 1984.-№9.-С.9-11.
15. Сидоренко Г.И., Кутепов Е.Н., Гедымин М.Ю. Методология изучения состояния здоровья населения в зависимости от качества окружающей среды// Вест.АМН СССР.-1991.-№1.-С.15-18.

ӘӘЖ 613.951.1:613.953.13

**ЕМІЗУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ҚОСПАЛАР (ӘДЕБИ ШОЛУ)**

*К.А.Мұстафина*

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы*

**РЕЗЮМЕ**

В данном обзоре оценены преимущества естественного вскармливания и даны сведения об искусственных смесях, применяемых в питании детей первого года жизни в разных городах.

Рациональное питание детей первого года жизни является одним из важнейших условий, обеспечивающих их адекватный рост, развитие и устойчивость к инфекциям и другим неблагоприятным внешним факторам.

Естественное вскармливание грудного ребенка материнским молоком идеально отвечает особенностям его пищеварения и обмена веществ, формирует благоприятную микрофлору пищеварительного тракта и обеспечивает адекватные процессы пищеварения в организме.

**SUMMARY**

This article is devoted to the advantage of natural feeding and information about artificial medley, using for the feeding of children of one year.

Rational feeding of children during the first year of life is one of the most important facts, that provide the children's adequate growth, development and resistance to the infections and other unsavourable factors.

Natural feeding of an infant with mothers milk is wonderful for his digestion and metabolism, forms suitable mikroflora in the alimentary tract and provides adequate processes of digestion in the body.

Емшек емген балалардың ағзаларында антиденелер, қорғану факторлары (макрофаг, лизоцимдер), секреторлы иммуноглобулиндер бар. Адам сүтіндегі лимфоциттер асқазан-ішек жолдарына түскенде сол жердің иммунитетін арттырады, лизоцим мен макрофагтар микрофлораларға әсер етеді. Ана сүтіндегі комплимент пен лактофериннің бактерияға қарсы қасиеттері бар. Лактофериннің ДНК, простогландин Е2 түзетін қасиеті соңғы кезде ашылды, олар ішектің қозғалу, асқазан сөлін шығару қасиеттерін, сілемейлі қабаты тіндерінің дамуын арттырады, ішектегі зиянды флораларды әлсіретеді. Ішектің сілемейлі қабаты өткізгіштігінің әсерінен, сиыр сүтіндегі ақуыздар одан тез өтіп, реактин, простогландин Е-ні бала дүниеге келгеннен соң бірінші күннен бастап-ақ түзе бастайды, сөйтіп балада аллергия басталады. Ал, адам сүтінің ақуызында ондай антигендік қасиет жоқ, сондықтан аллергия болмайды. Адам ағзаларының өсіп-даму дәрежесі генетикалы жоспарланған және ол зат алмасуға да байланысты. Адам сүтіндегі галактоза, фосфатидтер орталық жүйке жүйесінің жетілуіне әсер етеді. Емізу, ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа, баланың келешектегі мінез-құлқына жақсы әсер етеді, жасанды қоспалардың небір жақсы түрлері ана сүтін ешуақытта ауыстырмайды, ауыстырмақ емес, әсіресе 0-4 айлық арасы жасындағы балаларда.

Нутриенттер	0-2 ай	3-5 ай	6-4 ай	1-3 жас	3-7 жас	7-10 жас	11-13 жас ұлдар	11-13 жас қыздар	14-17 жас ұлдар	14-17 жас қыздар
Ақуыздар барлығы, гр	-	-	-	53	68	79	93	85	100	90
Соның ішінде майлық ақуыз,гр	-	-	-	-	-	-	56	51	60	54
Ақуыздар, г/кг	2,2	2,6	2,9	-	-	-	-	-	-	-
майлық ақуыз, барлығы гр,	-	-	-	53	68	79	93	85	100	90



Сол сияқы өсімдік майлары	-	-	-	5-10	11	16	19	17	20	18
Майлар г/кг	6,5	6,0	5,5	-	-	-	-	-	-	-
Линолен қышқылы г/кг	0,7	0,7	0,7	-	-	-	-	-	-	-
Көмірсулар,гр.	-	-	-	212	272	315	370	340	400	360
Көмірсулар,г/кг.	13,0	13,0	13,0	-	-	-	-	-	-	-
Кальций мг	400	500	600	800	120	1100	1200	1100	1200	1100
Фосфор мг	300	400	500	900	1450	1650	1800	1650	1800	1650
Магний мг	55	60	70	150	300	250	350	300	300	300
Темір мг	4	7	10	10	15	18	18	18	18	18
Цинк,мкг	3	3	4	-	-	-	-	-	-	-
Йод МЕ	40	40	50	-	-	-	-	-	-	-
А вит. орт.экв.мкг	400	400	400	450	500	700	1000	1000	1000	1000
В вит. МЕ	-	-	-	7	10	10	12	10	15	12
Е вит.,мг	3	3	4	-	-	-	-	-	-	-
Д вит,мкг	10	10	10	10	2,5	2,5	-	-	-	-
Д вит.МЕ	-	-	-	-	-	-	100	100	100	100
В1 вит мг	0,3	0,4	0,5	0,8	1,0	1,4	1,6	1,5	1,7	1,6
В2 вит мг	0,4	0,5	0,6	0,9	1,3	1,6	1,9	1,7	2,0	1,8
В6 вит мг	0,4	0,5	0,6	0,9	1,3	1,6	1,9	1,7	2,0	1,8
РР вит. миг.н.э.	5	6	7	10	12	15	-	-	-	-
РР вит,мг	-	-	-	-	-	-	18	16	19	17
В12 вит мкг	0,3	0,4	0,5	1,0	1,5	2,0	0,3	0,3	0,3	0,3
Фолацин,мкг	40	40	60	-	-	-	-	-	-	-
Энергия ккал, барлығы	-	-	-	1540	1470	2300	2700	2450	2900	2500
Энергия ккал/кг	115	115	110	-	-	-	-	-	-	-

**Кесте 1 Баланы тамақтандырудағы нутрициология мен физиологиялық қалыптар**

Емізу (табиғи тамақтандыру, биологиялық тамақтандыру) – 1-1,5 жасқа келгенге дейінгі баланың жалғыз ғана адекватты тамақтандырылуы. Баланы ана сүтімен емізбеу - келешектегі оның дамуына, мейлінше адамгершілігінің азаюына, сонымен қатар ана сүтінен басқамен қоректеніп өскен балада сол индивидумның әсері болуы мүмкін.

**Терминология. Табиғи тамақтандыру** – баланың өзінің туған анасының емшегін аузымен сорып емуі. Ана сүтін сауып, кеседен, зондпен, шөлмектен, пипеткадан беру температуралық өңделген ана, донорлық сүт беру - табиғи тамақтандыруға жатпайды.

**Аралас тамақтандыру** – ең аз дегенде тәулігіне 1 рет емізу (ана сүті 100-150 мл-ден көп, қалған уақытта жасанды қоспалар беру). Жасанды тамақтандыру дегеніміз тәулігіне бір рет немесе ана сүтінің тәуліктік көлемі 50-100 мл-ге дейін болса, қосымша қоректің барына, ия жоғына қарамастан баланы шөлмекпен жасанды қоспалармен қоректендіру. Босанғаннан соң алғашқы 4-5 күнде уыз, сосын уақытша сүт және 2-3 аптадан соң жетілген сүт шығады.

Ана сүті	Ақуыз	Қант	Май
Уызы	58	40-76	28-41
уақытша сүті	23-14	57-76	29-44
жетілген сүті	9-18	73-75	33-34

**Кесте 2 Уыз, уақытша сүт, жетілген адам сүтінің құрамдары**

Уыз, қою, желімді, түсі сары немесе сұрғылт-сары сұйық зат. Ана уызында ақуыздар, А-витамині 2-10 есе артық, аскорбин қышқылы 2-3 есе көп. Казеин жоқ, тек 4 -ші күннен бастап пайда болады. Альбумин, глобулин фракциялары көп - 58 г/л, ал жетілген сүтте - 9-18 г/л. Иммуноглобулиндер түзетін лейкоцит-лимфоциттер бар. Бала қанының сарысуының құрамына ұқсас болғандықтан уыздағы ақуыздар өзгермеген түрде сіңеді. Уыз іштегі амниотропты қоректенудің маңызды жалғастырушысы болып табылады.

Ана сүтін емген балалар міндетті түрде жасына сай болып өседі. Олар салмақты, өмірге көзқарасы маңызды, кең, сирек ауырады, қандай ауруды да жеңіл көтереді, тез жазылады. Әсіресе ана мен баланың қарым-қатынасы осы емізу кезінде басталады.

**Емізудің тиімді он принциптері.** Емшекпен емізу тәжірибесі жөнінде бекітілген ережені қатаң сақтау және оны барлық медицина қызметкерлеріне жүйелі түрде мәлімдеу; осы саясатты іс жүзіне асыру үшін, қажетті ережелерге барлық медицина қызметкерлерін оқыту; барлық жүкті әйелдерді емшекпен емізудің артықшылығы мен әдістері жөнінде хабардар ету; босанғаннан кейін жарты сағат ішінде емшекпен емізуді бастау үшін аналарға көмек көрсету; бөпелерінен бөлек болатын жағдайда, емшекпен емізу мен лактацияны қалай сақтау керек екендігін аналарға көрсету; жаңа туған нәрестелерге емшек сүтінен басқа тағамдар тек дәрігердің кеңесі бойынша берілсін; ана мен нәрестенің бірге бір палатада болуын тәжірибеге енгізу; нәрестені қажетінше емшек емуге ынталандыру; емшек еметін нәрестелерге алдандыратын немесе жұбататын жасанды

заттарды (еміздік, бөтелке) берму; емшекпен емізуді қолдайтын топтардың болуын жандандыру және перзентханадан шыққаннан кейін аналарды сол топтарға жолдау.

Емізу – анасының сәбиіне бере алатын, оның өміріндегі маңызды бастамасы болғандықтан, нәресте денсаулығын сақтаудың жақсы тәсілі болып табылады. Емізудің артықшылықтары. Ана сүті: ана сүті тек сол балаға арналғандықтан, өмірінің алғашқы 6 айында ол оның ең тиімді қорегі болып табылады; адам сүті құрамында нәрестеге қажетті барлық қоректік заттары бар және тез қорытылады; нәрестені әртүрлі инфекциялардан қорғайды; емшек сүті әр уақытта пайдалануға дайын, әрі жылы, стерильді, таза және тегін; нәрестенің физикалық және ақыл-ойының дамуына ықпал етеді.

Емізу: анасы мен бөпесінің арасындағы тығыз байланыс; босанғаннан кейін, алғашқы 6 айда кезекті жүктілікті жиі болдырмайды; анемия, емшек пен аналық бездерінің қатерлі ісіктері сияқты аурулардың даму қаупін төмендетеді.

Емізудің сырлары: Дұрыс емізу қағидасы – емізу ауыртпайтындай болу үшін, қолдан келетін барлық жағадайды жасау. Емізген уақытта анасы отыруға немесе жатуға болады, ең бастысы - анасы өзін ыңғайлы сезінуі шарт, емізген кезде баланы қалай ұстағанның да маңызы зор. Ол үшін келесі негізгі 4 ережені есте сақтаған жөн: нәрестенің басы мен денесі бір сызықтың бойында орналасады; баланың беті емшекке бұрылып, оның мұрны емшек ұшына қарама-қарсы тұрады; баланы бауырға қысып, анасының ішімен баланың іші тиіп тұрады; баланың басы мен иығын ғана емес, сонымен бірге оның барлық денесін де қолмен ұстау керек.

Егер бала дұрыс және тиімді еметін болса, баланы неғұрлым көбірек емізе – соғұрлым сүт көп бөлінеді. Ана мен нәрестенің бірге болуы және қажетінше емізудің артықшылықтары: ана мен нәрестенің арасындағы сүйіспеншіліктің қалыптасуына жағдай жасайды, ана бөпесін жақсы түсінуге үйренеді; нәресте аз жылап, оны бөтелкеден емізу себебі азаяды; емшекпен емізуге анасының сенімділігі артады; емшекпен емізу ұзаққа созылады.

Қажетінше емізудің артықшылықтары: сүт тезірек келеді; нәрестенің салмағы тез өседі; сүт безінің катаюы сияқты қиындықтар азаяды; нәрестені емшекпен емізуге тез үйрету жеңілрек болады.

Ананың жетілген сүті. Төмендегі 3-ші кестеде көрсетілгендей сиыр сүтінің құрамы түбірімен ана сүтінен айрықша: онда казеинді ақуыз, кальций, фосфор, калий, натрий, цинк, В1 және В2 витаминдері өте көп. Керісінше линолен қышқылы, Е, С, А витаминдері және көмірсудың деңгейлері төмен. Сиыр сүті құрамындағы ақуыз казеинінің басымдылығы (80%), баланың асқазанында ірідисперсиялы ақуыздың сіңірілуі өте нашарлайды. Ана сүтінде полиқанқытырылмаған май қышқылы (ПҚМҚ), әсіресе линолен қышқылы (0,4-0,5 г/100 мл сиыр сүтіне қарсы - 0,09 г/100 мл), сол сияқты сәбидің биомембранасын, бас миы мен көз торшасын белсендіретін простогландиндер, эйкозаноидтар қатарын (тромбоксандар, простаглицлиндер ж.т.б.) түзетін, тамақтануда теңдесі жоқ омега-3 бар, және де ана сүтіндегі ПҚМҚ-дағы омега-6 мен омега-3-тің бір-біріне қатынасы өте оптималды 10:1-7:1 (сиыр сүтінде керісінше 0,9:1). Ана сүтінің май қышқылды триглицеридтері мен фосфолипидті құрылысы, витаминтәрізді қосындысы - карнитин, бөбек организміндегі жасушаішілік транспортты және май қышқылының тотықтануын қамтамасыз етеді.

Нутриенттер	Ана сүті	Сиыр сүті
Ақуыздар, г	0,9-1,3	2,8-3,2
Сарысулық ақуыздар, %	65-80	20
Казеин, %	35-20	80
лактальбумин, мг	-	30,0
Майлар, г	3,9-4,5	3,2-3,5
Линолен қышқылы, %	13,0	1,6
ПҚМҚ /ҚМҚ	0,40	0,04
Омега-6/омега-3 ПҚМҚ қатынасы	10:1-7:1	0,9:1
Көмірсулар, г	6,8-7,2	4,8
Минералды тұздар:		
Кальций, мг	34,0	120,0
фосфор, мг	14,0	95,0
Кальций/фосфор	2,1-2,4	1,2-1,3
натрий, мг	17,0	77,0
калий, мг	50,0	143,0
Микроэлементтер:		
темір, мг	0,12	0,40
цинк, мг	6,0	12,0
йод, мкг	1,50-2,00	4,0
селен, мкг	1,50-2,00	4,0
Витаминдер:		
А, мг	0,06	0,03
Е, мг	0,24	0,06
С, мг	5,20	1,10

В1, мкг	14,0	43,0
В2, мкг	37,0	156,0

**Кесте 3 Адам сүті мен сиыр сүтін салыстыру**

**Қосымша қорек (прикорм) беру.** Белгілі бір қосымша қоректерді белгілі бір жаста міндетті түрде балаға беру керек деген бұрынғы концепциялар, қазіргі кезде қайта талқыланып белгілі бір жүйеге келгендей. Негізінде сәбиге қосымша тамақ беру, бермеу мәселесі емшек сүтінің құндылығына, көлеміне, баланың дұрыс өсіп, дамуына тікелей байланысты. Осы аталған мәселелер баланың өсу кезеңдерінде дұрыс шешіліп отырса, онда сәбиді қосымша қорексіз 1-1,5 жасқа дейін емізуге болады. Егер анасы емшектегі баласының тамақ жетіспеген жайсыздығын сезсе, онда міндетті түрде жасы 4 тен 6 айға дейінгі уақытта қою қосымша қоректер беру керек.

Сонымен, жасы 4-6 айлық сәбилер, тәулігіне 1-2 шәй қасықтан көкөніс, жеміс бөкпелерін, педагогикалық немесе „үйрету” қосымша қорек ретінде алу керек. „Үйрету” қорегі, баланың әртүлі астың дәмін біліп, шайнап, әрі қарай қорек алуға дайындайды. Қосымша қорек беру мерзімі төмендегі көрсетілген баланың жетілу белгілеріне негізделген: 1.Аузындағы тамақты тілімен шығарып тастамай, әрі қарай жұту рефлекстері өзара байланысты жұмыс істегенде. 2.Бала аузына түскен нәрсені, еміздікті шайнай бастағанда. „Үйрету” қорегі ретінде 5-20 г. алма немесе жеміс бөкпесін қантсыз береді. Шәй қасықтың ұшымен тілінің ортасына, бала еміп болғаннан кейін (бірақ әлі онша тоймағанда) салады. Бала қоректі жақсы жегенде бірте-бірте оны емгенге дейін беруге болады. Аллергиялық реакциялар болса, қосымша қоректі ұзаққа дейін бермеу керек.

Басты немесе энергиялық қосымша қоректі береді, егер бала ана сүтіне тоймаса, бала мазасызданса, жиі емсе, түнде жиі оянса, аз зәр шығарып, алкен дәреті азайса. Кейбір емшекке жарымаған сәбилер әлсіз, қимылсыз жатады, жыламайды, 1-1,5 аптадан кейін арықтай бастайды. Мінеки, осы жағдайларда қосымша қорек берудің басты шарттарының болуымен қатар, төменгі көрсеткіштерді есепке алу керек: жасы 5-6 айдан жоғары; қою тамақты жұтуға үйренген; тісі шыққан немесе тісін жарған; сенімді отырып, басын ұстауда (тамақтан басын алып қашқандай); ас қорыту ағзаларының қою тамақты аллергиялық реакциясыз қорытатындай халге жетуі.

Алдымен қосымша қоректі 1-2 шәй қасық беріп байқайды, бала жақсы алатын болса, қорек көлеміне тезірек 100-150г. дейін өсіреді (көкөніс, жеміс-жидек бөкпесі, қантсыз, майсыз, тұзсыз қарақұмық немесе күріш ботқасы). Қосымша қоректі кеңейтудің келесі қадамдарын бөлуге болады: үйрету қорегі (жемістер немесе көкөніс); тек көкөніс бөкпесі (картофель, сәбіз, капуста, шпинат); глютенсіз ботқалар (күріш жүгері, қарақұмық) өндірістік болғаны абзал. Егер, ботқа үйде дайындалса, бірінші 2 аптада су қосылмаған таза сүтке пісіреді. Айдан кейін бір қорек бөкпе, бір қорек ботқа ретінде беріледі; көкөніс бөкпесін еттің, балықтың, құстың етімен қосып дайындайды, мұндай қорекке бала 1-1,5 айдай үйренеді; бидай ұнынан пісірген бота; бала тамағын сиыр сүтіне ауыстырушы қоспаларға ауыстыру немесе бейімделген сүттерге (сүт, йогурт, творог), цитрустар мен шырындар, пісірілген жұмыртқа уызы; тістеп жеуге үйрете бастау, печенье, нан, кесілген жеміс, буланған котлеттер, майдаланған көкөністер.

Өндірістік азық-түліктерге қойылатын талаптар: біркелкілік, түйіршіксіз. Қоюлық, экологиялық тазалық, микронутриенттер мен ТТ-ның көптігі. Қосымша қоректерді балаға беру, емізуді ығыстырумен жүретіндігі түсінікті, бірақ жасқа толмаған бала қанша қорек алса да ана сүтінің тәуліктік көлемі 600-700 мл-ден кемімеуі керек. Лактацияны мүмкіндігінше ұзартып, 2 жастағы баланы күніне 1 рет емізгеннің өзі оның дамуына оң себебін тигізетіні ғылыми түрде дәлелденген. Бала жасының бірінші айларындағы тамақтың реттік көлемі бірінші 3-4 кварталда 200-400 гр болады да, тамақтану жиілігі 4 ретке азаяды (түнгі тамақтануды есептегенде). Бір жастан кейін 3 рет негізгі, 1 рет жеңіл (сүттік немесе шырын, жеміс) тамақтанады. Емізу сиреген сайын анасының да сүті тартылады. Әйел емшегін таңып тастаса, сұйықты аз ішсе сүті тезірек қайтады. Қосымша қорек бергенде де балаға еміреніп, майдайынан сипап отырып тамақтандырған жөн. Тамақтың түсі, иісі, тамақ салынған ыдыстың түрі баланың тәбетін ашатындай болғаны қажет.

Азықтар	Жасы, ай							Ескерту
	4	5	6	7	8	9	9-12	
жеміс шырыны	5-30	40-50	50-60	60	70	90	90-100	3-айдан
Жеміс бөкпесі	//	//	//	//	//	//	//	3,5- айдан
Творог, сыр	-	10-30	40	40	40	50	60	5- айдан
Уыз	-	-	0,25	0,5	0,5	0,5	0,5	6- айдан
Көкөніс бөкпесі	-	100	150	150	170	180	200	4,5 айдан
Сүт ботқасы	-	-	50-100	150	150	180	200	5,5-6,5 айдан
Ет бөкпесі	-	-	-	5-30	50	50-60	60-70	7- айдан
Кефир	-	-	-	-	200	200	200-400	7,5-8- айдан
Сүт	-	-	-	-	-	-	400	
Бидай	-	-	-	5	5	5	10	7- айдан
Нан,сухари, печенье	-	-	3-5	3-5	5	5	10-15	6-ай
өсімдік майы	-	1-3	3	3	5	5	6	4,5-5 айдан

Сары май	-	1	1-4	4	4	5	6	5- айдан
----------	---	---	-----	---	---	---	---	----------

**Кесте 4 Табиғи тамақтандырудағы 1 жастағы баланың қосымша қоректері**

Жасанды тамақтандыру. Ана сүтінің орнына қолданатын қоспалар құрғақ, сұйық (қолдануға дайын), қышқыл және тұщы болады. Олар ана сүтінің құрамына, бірінші жастағы балалардың метаболизмдік ерекшеліктеріне максималды жақындатылған, бейімделген (бейімделген).

Ана сүтінің орнына қолданатын қоспалар	
Құрғақ	Құрамы сарысулық ақуызбен, тауринмен, карнитинмен байытылған бейімделген Тек сарысулық ақуыздармен байытылған бейімделген Бейімделген казеин формулаларымен. Жарым-жартылай бейімделген формулаларымен. «Келесі» формулалы.
Қышқыл	Тұщы
Қышқыл	Тұщы

**Кесте 5 Ана сүтінің орнына қолданылатын қоспалардың басты түрлері**

Максималды бейімделген ана сүтін ауыстыратын қоспаға жататын сұйық қоспалар: «Агу» зарарсызданған (тұщы) және сүтқышқылды (Россия); құрғақ қоспалардың көпшілігі, сол сияқты «Нан» (Швейцария), «Нутрилон» (Голландия), «Бэби» (Словения), «Пре-ХиПП» және «ХиПП-1» (Австрия), «Энфамил-1» (США), «ХуманаГ» (Германия), «Сэмпер-Бэби-1» (Швеция), «Фрисолак» («Фрисланд», Голландия) ж.т.б.

Аз бейімделген «казеин формулалы» атты қоспаларға жататындар «Симилак» (АҚШ), «Нестожен» (Швейцария) ж.т.б. Олардың ақуызды құрамы ана сүтінің құрамынан алшағырақ.

Өткен ұрпақтар ана сүтінің орнына қолданылатын қоспалардың қатарына «Малютка», «Малыш» (Россия), «Анпамил» (Германия) ж.т.б. жатады. Бірақ, соңғы кездері «Малютка», «Малыш» қоспаларын «Истра-Нутриция» АҚ Россиямен қосылып витаминдік, минералдық құрамдарын жақсартып шығарып жүр. Сонымен қатар «Малютканың», тез ерігіш варианты «Малютка Истринская» деген атпен шығады. Соңғы кездері «кейінгі қоспалар» («последующих смесей») - деген, 5-6 айлықтан бастап беретін, шетелдерде шығарылған ауыстырғыштар шығып жатыр. Кейінгі қоспалар ана сүтіне аз бейімделген, құрамында крахмал мен сахароза, бала организміне қажетті анемияны алдын алу үшін қолданылатын темір бар. Олардың, «последующих смесей» қатарына «Агу-2» тұщы және қышқылсүтті, «Нан» 6 айдан 12 айға дейін (Голландия), «Нутрилон-2» (Голландия), «Галлия-2» (Франция), «Сэмпер-Бэби-2» (Швеция) ж.т.б. Төменгі кестелерде жасқа дейінгі балаларды жасанды тамақтандырудың жобасы (кесте 4) және қызығушы оқушы қауымы үшін ауыл шаруашылығындағы малдар сүтінің құрамы (г/л) – кесте 7 келтірілген.

Азықтың түрлері	Жасы, айы									
	0-1	2	3	4	5	6	7	8	9	9-12
Ана сүтін ауыстырғыштар	700-800	800-900	800-900	800-900	400	400	300-400	350	200	200
Көкөніс шырыны	Көрсеткіш бойынша			5-30	40-50	50-60	60	70	80	90-100
Жеміс бөкпесі	Көрсеткіш бойынша			-	-	50-60	60	70	80	90-100
творог				-	-	40	40	40	40	50
Сары уыз				-	10-150	-	0,25	0,5	0,5	0,5
Көкөніс бөкпесі				-	-	150	150	170	180	200
ботқа				-	-	50-150	150	170	180	200
Ет бөкпесі				-	-	-	5-30	50	50	60-70
Кефир, сүт өнімдері				-	-	-	200	200	400	400
Нан				-	-	-	-	5	5	10
Сухари, печенье				-	3	3-5	5	5	10	10-15
өсімдік майы				-	-	3	3	5	5	6
Сары май				-		4	4	5	5	6

**Кесте 6 Жасқа дейінгі баланы жасанды тамақтандырудың жобасы**

Малдар	Құрғақ заттар	Ақуыздар	Майлар	Сүттік қант	Теннер бойынша қышқылдылық
Ешкі	139	41	44	44	17
Қой	185	57	72	43	25
Буйволица	176	41	7	48	17
Түйе 1 өркешті	124	37	40	48	---
Түйе 2 өркешті	162	38	54	50	---

Солтүстік бұғысы	357	109	197	36	---
Жылқы	105	19	16	64	6,5
Есек	98	18	13	60	6,0

## Кесте 7 Ауыл шаруашылығындағы малдар сүтінің құрамы (г/л)

Сонымен, баланы рационалды тамақтандырудың «алтын стандарты» - ана сүті. Баланы емізуге болмайтын жағдайда жасанды қоспаларды таңдай отырып, келесі ережелермен санасу қажет: сәбидің жасы, баланың бірінші 2-3 апталығында тұщы қоспаларды, сосын тұщы мен сүтқышылды қоспаларды рационға жартылай қатыстырып; адаптациялану дәрежесі – бала жас болған сайын қоспаның ана сүтіне бейімділік қасиеті басымырақ болуы қажет, 5-6 айға дейін ешқашанда «кейінгі» - последующие смеси, кефир және басқа бейімделмеген, сиыр сүтін беруге болмайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Геппе Н.А. Справочник врача по педиатрии. Москва-2002г. с. 47.
2. Шабалов Н.П. Неонатология Москва – 2004г. т.1 с. 354-379.
3. Куанышбекова Р.Т. и соавт. Работа участкового врача с детьми раннего возраста здоровыми и из групп здоровья. Алматы – 2003г.с. 23-48, 49-69.
4. Муминов Т.А. Лекции по педиатрии. Алматы –2002г.с. 71-74.
5. Охрана, поощрение и поддержка практики грудного вскармливания. Совместная декларация ВОЗ/ЮНИСЕФ Женева 1989г.
6. Ежова Н.В., Ермакова О.Э. Вскармливание детей раннего возраста Минск, 2003г. с.352.
7. Шарманов Т.Ш., Машкеев А.К. Кисломолочные смеси в детском питании. Алматы 2001г. с.145.
8. Мазурин А.В., Воронцов И.М. Пропедевтика детских болезней. М.2002.
9. Матвейков Г.П. Справочник семейного врача Минск –2000г. с.37, 53-55.
10. Парийская Т.В., Орлова Н.В. Справочник педиатра. С-Пб – 2002г. с.14-22.
11. Доценко В.А., Батырев М.И. Грудное вскармливание С-Пб – 2003г. с.128
12. Diet, Nutrition and Prevention of Chronic Diseases, Сер. техн. докл. ВОЗ, ВОЗ, Женева, 1990, с. 797.
13. Конь И.Я., Рациональное вскармливание и здоровье детей: современные аспекты, Росс. педиатр, журнал, 1999, N2, с. 45-48.
14. Воронцов И.Н., Фатеева Е.М., Хазенок Л.В. Естественное вскармливание, Спб, 1993, с. 198.
15. Handbook of Milk Composition, Jernek, Ed., New York, London, Acad. Press, 1995, p. 910. Pomon S.J., Nutrition of Normal Infants, Mosby, 1993, p. 410.
16. Лешкевич И.А., Фатеева Е.М., Конь И.Я. и др. Вопросы организации здравоохранения и история медицины, 1997, N5, с. 13-17.
17. Heird W.C. Nutritional Requirements during Infancy, In: Present Knowledge in Nutrition, ILSI Press, Washington, DC. 1996, p. 396-403.
18. George D.E., De Francesca B.A. Textbook of Gastroenterology and Nutrition in Infancy, 2nd Ed, Lebentbal E., Ed., New York, Raven Press, 1989, p. 239.
19. Geigy Scientific Tables, 7th Ed., Basel, Ciha-Geigy Ltd., p. 688-689.
20. Innis S.M. Essential Dietary Lipids, In: Present Knowledge in Nutrition, ILSI Press, Washington, DC, 1996, p. 58.
21. Carbon S.E. Long Chain Polyunsaturated Fatty Acids in Infants and Children, Annales Nestle, 1997, v. 55, p. 52-62.
22. Bergstrom E., Hennel O. Dietary Kits and Prevention of Atherosclerosis, Ibid, p. 43-51. Wong W.W. Feeding and Regulation of Cbolesterol Metabolism, In: Long Term Consequences of Early Feeding, 36th Nestle Workshop, 1995, p. 14-16.
23. Lonnerdal B., Atkinson S. Nitrogenous Components, In: Handbook of Milk Composition, NewYork, London, Acad. Press, 1995, p. 351-368.
24. Reeds P.J., Beckett P.R. Protein and Amino Acids, In: Present Knowledge in Nutrition, ILSI Press, Washington, DC, 1996, p. 87-88.
25. Ли П.К. Альтернативные пути переваривания крахмала и их значение для недоношенных и грудных детей, В кн.: Непереносимость углеводов у детей грудного возраста, М., 1984, с. 231-241.
26. Tomon S. Iron (Ch. 14), In: Nutrition of normal infants, Moshy, 1993, p. 239.

ӘӨЖ 616.31-084:614.253

**ДӘРІГЕР-СТОМАТОЛОГТАРДЫҢ АУРУШАҢДЫҒЫ МЕН ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНЫҢ  
САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ (ӘДЕБИ ШОЛУ)**

*Е.М.Қожабеков*

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы*

## РЕЗЮМЕ

Как приведено в данном обзоре, большинство исследователей связывают заболеваемость медицинских работников с влиянием неблагоприятных факторов производства. Это в свою очередь требует комплексных разработок для защиты от производственных и социально-гигиенических влияний

## SUMMARY

Many scientists connect sickness- rate of medical specialists with unfavourable industrial factors. That's why it is important to prepare special measures for professional and social-hygienic protection.

Ғылыми зерттеулерде атап көрсетілгендей, медицина қызметкерлерінің еңбегі үнемі психикалық, моральдық және физикалық күйзеліспен байланысты, сондай-ақ ол адамзат қызметінің анағұрлым күрделі және жауапты түрі болып табылады. Ол айтарлықтай ауыр жүктемемен, шапшаң және ұзақ мерзімді есті, физикалық төзімділікті талап етуімен, науқас денсаулығы мен өмірі алдындағы жоғары кәсіби жауапкершілігімен сипатталады [1,2]. Сонымен бірге дәрігерлердің еңбек жағдайын A.V.Rey (1968), Ch.Wells (1968) және басқа да шетелдік ғалымдар зерттеген [3,4,5].

Осы тұрғыдан стоматолог дәрігер кәсібінің орны ерекше, өйткені ол әрдайым ой еңбегі мен дене еңбегін ұштастырып жұмыс жасайды, сонымен бірге оның еңбегінде сыртқы ортаның көптеген жағымсыз факторларының әсері мол.

Жүргізілген зерттеулер барысында стоматологиялық бөлме қызметкерлерінің еңбек жүктемесінің шектен тыс жүйкелік-эмоционалдық компоненті, зиянды және қауіпті еңбек факторларының қызметкерлер денсаулығына, олардың көңіл-күйі мен еңбек қабілетіне тигізер тікелей және жанама әсерлері айқын көрінді.

Дәрігерлердің жекелеген кәсіби топтарының жұмыс орындарындағы құрал-жабдықтары жарықтандыруға қойылатын ерекше гигиеналық талаптарды қажет етеді.

Стоматолог дәрігерлердің жұмыс орнында тиімді жарық режимін қалыптастырудың маңызы зор.

Медицина қызметкерлерінің жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру дегеніміз – эргономикалық талаптарды ескере отырып, жұмыс орнының барлық құрылымдық бөлшектері мен элементтерін еңбек үдерісі үшін ыңғайлы әрі тиімді етіп орналастыру.

Дәрігердің жұмыс орнын ұйымдастыру аса маңызды екі міндетті шешуге бағытталады – еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдай жасай отырып, жұмсалатын физикалық және жүйкелік күшті мейлінше азайту; сондай-ақ емдеу және тексеру барысының науқас үшін барынша қолайлы болуын қамтамасыз ету [6,7].

Көптеген отандық зерттеушілер дәрігерлердің мәжбүрлі жұмыс позасы әсіресе стоматологтар мен отоларингологтар үшін зиян екенін атап өткен [8,9].

Жұмыс орнын ұйымдастырудың маңызды факторына жұмыс позасы, еңбек құралдары мен заттарына қарай орындаушының тұлғасын, басын, қол-аяғын дұрыс үйлестіру жатады.

Дәрігерлердің мәжбүрлі жұмыс позасы көп жағдайда жұмыс орнының дұрыс жабдықталмауына байланысты. Мәселен, үстел мен орындықтың биіктігі жұмысшының бойына сәйкес реттелмеген [10].

Тіс дәрігерлері мен стоматологтардың жұмысы ерекше дәлдік пен мұқияттылықты қажет ететін кәсіпке жатады, сондықтан да жоғары дәрежедегі көру қабілетін талап етеді. Бұл жағдайда жарық деңгейі мен көру ағзасының бейімделуіне бөлме қабырғалары мен еденінің, құрал-жабдықтардың бояуы да өз септігін тигізеді [11].

O.Friman, L.Turtola, B.A.Катаева анықтағандай, стоматолог дәрігерлер жұмысында ауруға шалдықтыратын анағұрлым маңызды кәсіби факторлар қатарына шу жатады [12,13].

Шу кәсіби фактор ретінде стоматологтардың жұмысында жиі кездеседі. Жоғары жылдамдықтағы турбиналарды (200-400 мың айналым/мин) пайдаланғанда ең жоғарғы дыбыс энергиясы 8000 Гц жиілікті құрайды [14]. Пациенттің ауыз қуысындағы бордан 30 см аралықтағы шу деңгейі 80-90 дБ аралығында толқып тұрады. Бұл кезде тұтас жиілік спектрінің үштен бірі 1000 және 2000 Гц аралығында, яғни адам ағзасы үшін өте зиянды болып саналатын аймақта болады.

Шудың стоматологиялық бөлмелердегі медицина қызметкерлеріне тигізетін әсері туралы мәліметтер W.Niemeuer секілді шетелдік автордың зерттеулерінде келтірілген [15]. Автор анықтағандай, стоматологтарды удиметриялық тексеруден өткізгенде 8000 Гц жиілікте есту қабілетінің 35 дБ-ға төмендеуі акустикалық зақым ретінде қарастырылды.

Стоматологтардың көпшілігінде турбиналармен жүргізілген қысқа мерзімді жұмыстан кейін-ақ сол жақ құлақ мүкісі анықталған. Сонымен бірге есту мүшелерінде ғана емес, жүрек-қан тамырлар, жүйке және басқа да жүйелерде де кері өзгерістер байқалды.

Операция бөлімдерінде кондиционерлік жүйелер мен наркоздық, тыныс алу аппараттары салдарынан мүмкін болар шу деңгейінің шектен асып кететінін, сондай-ақ мұндай жабдықтарды аталмыш бөлмелерден тысқары жерге орналастыру қажеттігін В.П.Фролов, В.П.Тулупов, Г.С.Кудинова, Б.Г.Водопьян секілді ғалымдар пайымдаған [16].

Бірнеше авторлардың [17,18] мәліметтері бойынша шу деңгейі жиі 85дБ қарқындылығынан асып кетеді, ал бұл өз кезегінде жоғары жиіліктермен қосыла келіп, жұмысшылардың ағзасына кері әсер етеді де, жас ерекшелігіне қарамай құлақ мүкісінің дамуына алып келеді.

Стоматологиялық емханалардың өндірістік бөлмелеріндегі микроклиматты зерттеу мәселелеріне Э.П.Дегтярева, А.С.Кушнир сияқты ғалымдар өз жұмыстарын арнаған. Онда жұмыс күні барысында стоматологиялық бөлмелер микроклиматының өлшемдерін зерттеу нәтижелері көрсетілген. Ғалымдардың мәліметі бойынша, жұмыс уақытының үш сағатынан кейін-ақ бөлмелердің температурасы 22°C (қалыпты жағдайда 18°C), ылғалдылығы 70% (қалыпты жағдайда 40-60%) дейін жоғарылаған, ауаны салқындату қабілеті

7,2 дейін төмендеген. В.А.Катаеваның зерттеу жұмысында салқын және өтпелі маусымдардың өзінде стоматологиялық бөлме температурасының 22°C, ал жылы уақытта 25,9°C дейін жоғарылайтыны айтылған. Полимеризациялық бөлмелердің өзінде ғана ауа ылғалдылығы 60%-дан асып түскен, ал ауаның қозғалу жылдамдығы өзгермеген.

Көптеген авторлардың пайымдауынша, емдеу-сауықтыру мекемелеріндегі еңбек жағдайының қанағаттанарлықсыз болу себептерінің бірі – ғимараттың дұрыс жоспарланбауы және желдету жүйесінің жетілдірілмеуі болып табылады [19].

Стоматолог дәрігерлер мен тіс дәрігерлерінің жұмыс орнындағы жарықтың маңыздылығына, осының салдарынан қызметкерлердің көру қабілетінің нашарлайтынына өз зерттеулерінде В.А.Катаева ерекше тоқталып өткен.

Дәрігерлердің жекелеген кәсіби топтарының жұмыс орнын жабдықтауда жарықтандыруға деген гигиеналық талаптар қатаң сақталуы керек. Әсіресе стоматолог дәрігерлердің жұмыс орындарында тиімді жарық режимін құрудың маңызы зор.

Э.П.Дегтярева тіс дәрігерлері мен стоматологтардың жұмысы өте үлкен дәлдікті және көру ағзаларына ерекше күш жұмсауды талап ететінін атап өткен. Сннымен бірге ажырату детальдарын, негізінен, қарау қиынға соғады, сондықтан олар мейлінше жоғары дәрежедегі жарықты қажет етеді. Сондай-ақ автор жарық деңгейі мен көру ағзаларының бейімделуіне бөлме едені мен қабырғаларының, оның жабдықтарының да өз септігін тигізетінін атап өткен.

В.А.Катаева, Е.В.Дегальцева және С.В.Бурлаков сияқты ғалымдар стоматологтардың жұмысын ерекше мұқияттылықты қажет ететін, көру ағзаларына көп күш түсетін кәсіптер қатарына жатқызады.

G.Pietruschka мәліметтері бойынша, әрбір дені сау адам сыртқы ортаның 80-90% көру ағзалары арқылы қабылдайды екен [20].

Стоматологтың жұмыс орнын жарықтандыру деңгейіне ағзаның жалпы жұмыс қабілеті байланысты. Стоматологтардың көру-моторлық реакциясының кәсіби миопатияға ұласатын өзгерісі бірнеше авторлардың еңбектерінде көрсетіледі [21,22].

Ортопед-стоматологтар жұмысында жарықтандыру факторының маңыздылығына байланысты неміс зерттеушілері (M.Elzschig, B.Reitemeier) бейімделу барысын жеңілдету үшін стоматологтың жұмыс орнындағы жарықты бөлменің жалпы жарығымен сәйкестендіру қажет деп есептейді.

Теңселістің (вибрация) де стоматолог дәрігерлер ағзасына тигізер әсерін зерттеуге арналған бірлі-жарым ғана басылымдар жарық көрген. Л.Н.Грицианский мен А.В.Гринбергтің зерттеу нәтижелері бойынша, төменгі жиіліктегі теңселіс (10-20 Гц) көбіне полиневротикалық құбылыстар мен сүйек-буын зақымдануына алып келсе, жиілігі жоғары теңселіс көп жағдайда саусақтардың ағару ұстамасы түрінде көрініс табатын ангиоспастикалық синдромға соқтырады. Тәжірибеде осы екі құбылыстың қатар жүруі жиі кездеседі. Зерттеу нәтижелері дәрігер қолына берілетін теңселісті стоматологиядағы аса маңызды кәсіби фактор ретінде сипаттайды.

Көптеген авторлар стоматологиядағы дәрі-дәрмектердің де медицина қызметкерлерінің денсаулығына тигізер кері әсерін атап өткен. Медицина қызметкерлерінің дәрі-дәрмектерден болатын аллергиясы өзекті мәселеге айналып отыр, ал бұл өз кезегінде өндірістік бөлмелердің, аспаптар мен құрал-жабдықтардың емдеу-диагностикалау мақсатында қолданылатын түрлі химиялық заттардың салдарынан ластануымен байланысты.

Ауа құрамында белгіленген концентрацияға жақын немесе одан төмен концентрациядағы химиялық заттар химиялық компоненттермен тікелей жұмыс жасайтын медициналық қызметкерлер ағзасының сенсбилизациясы мен иммунологиялық өзгерістерді тудыруы мүмкін.

Н.Е.Kleine-Natrop атап көрсеткендей, стоматологияда 500-ден астам химиялық заттар қолданылады екен, олар тек науқастарда ғана емес, дәрігерлердің ағзасында да аллергиялық реакция тудыруы мүмкін. Тіс дәрігерлік тәжірибесінде қолданылатын көптеген материалдар антиген болуы мүмкін.

Дәрі-дәрмектердің аллергиялық және токсиндік әсері Л.В.Соловьевтің, Б.И.Ильиннің, С.И.Ашбель, И.А.Богословский, Г.И.Елизаров, В.Г.Соколова және т.б. ғалымдардың, С.И.Ашбель мен И.В.Орешковичтің зерттеулерінде анықталған [23,24].

Әдебиеттерде химиялық аллергендердің әсер ету механизмдері туралы мәліметтер ұсына отырып, кейбір авторлар химиялық заттардың токсиндік емес шағын мөлшері де ұзақ уақыт ықпал етсе, аллергиялық реакция тудыруы мүмкін екендігін дәлелдейді. Ағзаға әрекеттегі аллергендер мен тітіркендіруші заттардың бірлескен әсері тыныс алу ағзалары мен терінің өзара қабысқан аллергиялық ауруларына алып келеді, поливалентті сенсбилизация, сондай-ақ антигенді бәсекелестік процестері мен айқын аутоиммундық өзгерістер байқалады.

Стоматологияға жылдамдыққа негізделген бормашиналар мен турбиналардың енгізілуі жұмыс аймағының ауасында майлы және бактериалды аэрозольдердің түзілуіне ықпал етеді. Олар шаңмен бірге дәрігердің беті мен көзінің, әсіресе жоғарғы тыныс алу жолдарының бактериалық ластану қаупін тудырады. В.А.Катаеваның зерттеу жұмыстары барысында анықталғандай, жұмыс күнінің соңына қарай стоматологиялық бөлмелердегі бактериалардың көбею дәрежесі 22 есе ұлғаяды екен.

Қорыта келе, медициналық қызметкерлердің жұмысындағы кәсіби зардаптар мен ауруларға қатысты қарастырылған әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде медициналық қызметкерлер еңбегі көптеген физикалық

қауіпті және зияды өндірістік факторлармен (жоғары дәрежедегі ауа температурасы, шу, ауаның газдануы, т.б.) байланысты екендігі анықталды, ал олардың өлшемдері белгіленген межеден анағұрлым асып түседі. 50-60 жылдары бұл мәселеге едәуір көңіл бөлінген. Соңғы жылдары ғалымдардың бұл мәселеге деген қызығушылығы бәсеңдеп отыр. Әдебиеттер қатарында стоматологтар еңбегінің физиологиялық-гигиеналық аспектілеріне арналған біршама зертеулер бар, алайда олар стоматолог дәрігерлерді тұтастай алады да, жекелеген мамандандырылған сала бойынша қарастырмайды. Терапевт, хирург және ортопед стоматологтардың өндірістік жүктемесі бірдей емес, орындалатын емдеу шараларына байланысты өзіндік қызмет ерекшеліктері, жұмысында кәсіби зияндылықтары, өздеріне тән жұмыс позалары бар.

Зерттеушілердің көпшілігі медициналық қызметкерлердің аурушандығын жағымсыз өндірістік факторлармен байланыстырады, ал бұл өз кезегінде оларды кәсіби және әлеуметтік-гигиеналық тұрғыдан қорғау жөнінде арнайы іс-шаралар кешенін әзірлеуді талап етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексеев И.Б., Костенко И.В. и др. Состояние здоровья медицинских работников Латвийской ССР и пути его улучшения // Труд и здоровье медицинских работников. – М., 1984.-С. 19 -23.
2. Антипенко А.Э., Антипенко Э. С. О подходах к управлению качеством стоматологической медико-санитарной помощи // Управление качеством медицинской помощи в Российской Федерации / Материалы 4-ой Российской науч.-практ. конф. НПО < Медсоцэкономинформ> 29-30 мая 1997 г.-М., МЗ РФ , НПО < Медсоцэкономинформ>, 1997.-С.270-271.
3. Ашбель С.И., Шаронова З.В. Вопросы гигиены труда и профпатологии медицинских работников, имеющих производственный контакт с лекарственными препаратами // Гигиена труда и профзаболевания.-1981.
4. Rey A.V. Profile of general practice // Journal Indian med. Ass. -1968.- Vol. 51, № 10. –P. 488 - 492.
5. Wells Ch. Educating the British general practitioner // Postgrad. Med.- 1968.- Vol. 44, № 2.-P. 143-146.
6. Алимский А.В. Принципы организации стоматологической помощи в условиях рыночной экономики // Справочник по стоматологии. – М.: Медицина, 1998. –С. 592-631.
7. Апанасенко Б.Г., Галанцева Г.И., Кириллюк И.Г. Влияние профессиональной деятельности на заболеваемость врачей Ленинграда //Труд и здоровье медицинских работников. – М., 1984. –С. 28-30.
8. Ашбель С.И., Миронов Л.А. Опасность профессиональных заболеваний у процедурных и постовых медицинских сестер и их предупреждение //Труд и здоровье медицинских работников. – М., 1984. –С. 126-129.
9. Манафов И.Т., Бочкарева А.И. К физиологии труда врачей-отоларингологов амбулаторно-поликлинических учреждений // Научная организация в амбулаторно-поликлинических учреждениях / Мат. Всесоюзного семинара (Новополюцк, БССР, 24-25 июня 1980г.). – М., 1980. – С. 205-207.
10. Киркорова М.Г. Эргономическая оценка поз врачей на амбулаторном приеме // Научная организация труда в системе здравоохранения /Мат. Всес. курсов НОТ в здравоохр. На ВДНХ СССР 22-26 сентября 1975 г. – М., 1976. –С. 193-199.
11. Царибашев К. Анализ на стоматологичния труд и ергономични основы на оптимизиятому // Ергономия на медицински труд. – София: Медицина и физкультура, 1976. – С.204-219.
12. Friman O., Turtola L. Noise trouble from dental equipment // Tyo-Terveys-turvallisuus. -1978. – Vol. 12, № 34.- P. 24-28.
13. Катаева В.А. Гигиена труда стоматологов // Труд и здоровье медицинских работников. – М., 1984. – С. 124 -125.
14. Катаева В.А., Лакшин А.М., Никифорова Г.И. вопросы гигиены труда врачей ортопедов – стоматологов и зубных техников // Стоматология. -1981. - № 2. – С. 72-74.
15. Niemeyer W. Mikrotraumen des Gehors durch Dentalturbinen// Archiv fur klinischeexperimentelle und Ohren- Nasen – Heklopfheilkunde. – 1970. –Vol. 196. – P. 227.
16. Фролов В.П., Тулупов В.П., Кудинова Г.С., Водопьян Б.Г. Санитарно-гигиеническая оценка условий труда хирургов и анестезиологов // Гигиена и санитария. – 1979. -№ 3 . – С. 59-61.
17. Дегальцева Е.В. Профессиональные нагрузки и гетерохронность утомления ключевых физиологических функций ортопедов-стоматологов в динамике рабочего дня // Мат.науч.конф., Москва, 1997, - С. 16-17.
18. Дегтярева Э.П. Гигиеническая оценка условий труда и их влияние на работоспособность врачей-стоматологов // Вопросы практической медицины. Оренбург, 1976. – №5. – С. 55-59.
19. Егорова Т.А. Физиолого-гигиенические особенности трудовой деятельности стоматологов ортопедического профиля: Дис. ... канд.мед.наук. –М., 1999. – 135 с.
20. Pretrushka G. Ophthalmologie fur Stomatologen. Barth. Leipzig, 1982.
21. Вигродчик Н.А. Некоторые соображения о методике изучения заболеваемости с потерей трудоспособности // Сов.здравоохр. – 1952. -№ 2. – С.29-34.
22. Вялкова Г.М. Социально-гигиеническое исследование заболеваемости медицинских работников и потребность в оздоровительном лечении: Дис. ... канд.мед.наук. – М., 2001. – 154 с.
23. Богословская И.А., Герасимова М.М., Гнелицкая Г.Н. и др. Опасность профпатологии у медицинских сестер от воздействия антибиотиков // Труд и здоровье медицинских работников. –М., 1984. –С. 130-134.
24. Ашбель С.И., Орешкович И.В. Профилактика профессиональных заболеваний, вызванных антибиотиками // Врач.дело – 1970. - № 9. – С. 129-130.



ӘОЖ 615.273.5.03:616.155.514-06

**ГЕМОФИЛИЯЛАРҒА ЗАМАНУИ ҚОЗҚАРАС (ӘДЕБИ ШОЛУ)**

*К.Т.Байжанова*

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академия, Шымкент қаласы*

Гемофилиялар – плазмалық үю факторларының және осы үрдіске қатысатын калликреинкинин жүйесі құрамының тапшылығына немесе молекулярлық кемістігіне байланысты қан үю жүйесінің гендік бұзылысымен жүретін тума коагулопатиялар. Ұю факторларына байланысты гемофилияның А (VIII), В (IX) және С (XI) түрлерін ажыратады.

Гемофилияның алғашқы анықталатын орташа жасы дерттің ауыр дәрежесінде 9 ай, орташада – 22 ай құрайды (Нильсон, 1999), яғни гемофилия бірінші рет жиі сәби және өте сирек нәресте кезеңде байқалады. Басқа туа пайда болған коагулопатиялары бар балалармен салыстарғанда гемофилиясы бар нәрестеде кіндіктен қан кетпейді, мелена, кефалогематома не миға қан кетулер табылмайды. Гемофилия бала еңбектеуді, тұруды, жүруді бастаған кезде, әсіресе құлағанда буынға, дерттің ауыр дәрежесінде денеде, іште не баста алып гематомды қан кету белгілері байқалады. Кейде дерттің жеңіл дәрежесінде қан кету тіс жұлу, мұсылман елдерде ұлдарды сүндетке отырғызғанда және т.б. хирургиялық іс-шаралар жасау барысында жасөспірім шақта анықталады.

Гемофилияға қол мен аяқтың ірі буындарына, әсіресе тізе мен шынтаққа, сирек табан-балтыр, иық, жамбасқа қан кету (гемартоз) тән. Неғұрлым гемофилияның ағымы ауыр болса, соғұрлым гемартоз жиі және айқын байқалып, үдемелі артропатия дамуға жағдай жасалады.

Гематома тері астылық, бұлшықет аралық, субфасциальдық және ішперде артылық болады. Қан үюдың нашарлауы мен қан ағудың ұзару салдарынан гематома біртіндеп үлкейе береді және алып көлемге (құйылған қан көлемі 0,5-тен 2-3 литрге дейін) жетуі мүмкін. Алғашқы қан кету орнынан субфасциальдық және бұлшықет аралық кеңістікпен ағып, қорға жиналады. Ішперде артылық гематома бел аймағының, іштің күрт ауырсынуымен көрінеді, науқас мәжбүр қалыпта (егер гематома оң жақта болса, онда науқас оң бүйірінен бүгіліп) жатады, кейде бұлшықеттің қатаюы, іште ісік тәрізді құрылымы қолға ілінуі байқалады. УДЗ кеткен қан көлемін анықтап береді. Ішперде артылық кеңістікке құйылған қан жарылуы мүмкін, ол іштің күрт ауырсынуымен және қатаюымен білінеді.

Алып гематомада дене қызуы жоғарылайды, қалтырау, қан қысымының төмендеуі, ауыр анемия, қанда лейкоцит санының артуы мен ЭТЖ-нің жоғарылауы байқалады. Гематома кері сіңірілген кезде орташа конъюгирленбеген гипербилирубинемия табылады.

Бүйректен қан кету негізінен ересек науқастарда кездеседі, бірақ ауыр ағымдағы гемофилия кезінде ол балаларда да табылады. Бүйректен қан кету айқын макрогематуриямен, несеп қою қызыл не қоңыр түске боялуымен байқалады. Сонымен қатар зәр шығарудың қиындауымен жүретін дизуриялық құбылыстар, бел, несеп ағар не үрпі аймағының ауырсынуы өте жиі анықталады. Әдетте қарқынды кіші дәретке шығуға сезім пайда болады, кейін қан ұйықтары шығады. Дизуриялық құбылыстар гемостатикалық дәрі-дәрмектерді қолданған кезде айқындала түседі. Гемостаздың қалыптасуы несеп шығару жолдарында үлкен қан ұйықтарын түзейді және бүйрек шаншуы күшейеді. Әсіресе ол криопреципитат және аминокепрон қышқылын бірге құю барысында байқалады. Сондықтан қазір бұл емдеу тәсілі қолданылмайды. Көп науқастарда бүйректен қан кету қайталап тұрады.

Субарахноидальды кеңістікке, бас миына және жұлынға қан кету гемофилияда жиі байқалмайды және типтік клиникалық көрініспен (кенеттен қарқынды бас ауру, талып қалу, ми қабықтарының тітіркену белгілері, ми бағанасы зақымданған кезде парездер, тыныс және жүрек ырғағы бұзылыстарының дамуымен) көрінеді. Бұндай қан кетуге әдетте жарақат себеп болады, өздігінен қан кету өте сирек байқалады. Миға қан кетуден науқас қайтыс болауы мүмкін.

Жарақат және операциядан кейінгі ұзақ уақытқа қайталамалы қан кетулер – гемофилияға ерекше тән көрініс. Әдетте гемофилияға қан кету операциядан кейін бірден емес, біршама 30-60 мин, кейде 2-4 сағаттан соң пайда болу тән. Бұл әсіресе іш қуысына операция жасағанда маңызды, себебі операция жасау барысында қан кету айқын болмаса да, кейін іш қуысына көп мөлшерде қан ағу басталуы мүмкін. Сондықтан гемофилиясы бар науқасқа операция жасаған кезде міндетті түрде антигемофильді препараттарды тамырға құю керек. Сонымен қатар гемофилиясы бар науқасқа тамырға, бұлшықетке, тері астына ине шаншу да қан кетуге себеп бола алады, оның алдын алу үшін ине орнын саусақпен 5 мин басып тұрған жөн және ине санын мүмкіндігінше азайтқан дұрыс. Гемофилиялардың ауырлық дәрежесі 1- кестеде берілген.

1- кесте **Гемофилиялардың ауырлық дәрежесі (Н.М. Ананьева және т.б. 2005)**

Ауырлық дәрежесі	VIII не IX фактордың белсендік деңгейі	Сипаттамасы
Жеңіл	5-25 %	Қан кету сирек байқалады, әдетте жарақаттан, операциядан кейін, қарқынды жоғары емес
Орташа	1-5%	Қан кету эпизодтары айтарлықтай жарақат алғанда, хирургиялық іс-

		әректтерде, кейде өздігінен пайда болады
Ауыр	1 % төмен	Болар-болмас жаракатта ауыр қан кету, жиі өздігінен қан ағу байқалады

## Гемофилия А

Гемофилия А – VIII:C плазмалық ұю факторының (антигемофильдік глобулин А) тапшылығынан не молекулярлық кемістігінен туындайтын ең жиі кездесетін тум болатын геморрагиялық диатез.

Гемофилия А жиілігі әртүрі зиялылардың мәліметтері бойынша шамамен 1 жағдай 5 000 не 10 000 ер адамға кұрайды. Бұл дертпен тек қана ерлер ауырады, ол Х хромосомада орналасқан антигемофильдік глобулин А (VIII:C факторы) синтезін бақылайтын геннің зақымдануынан туындайды. VIII факторының гені орналасқан аймақта 50 жуық мутация мен делециялар анықталған.

Дерттің тасымалдаушысы әйелдер. Егер гемофилиясы бар ер кісі (X1Y) дені сау әйелмен (XX) қосылған кезде, одан дені сау ұлдар (XY) және тасымалдаушы қыздар (XX1) туылуы мүмкін. Бұл қыздар гемофилиямен ауырмайды себебі ақауы бар хромосома міндетін сау хромосома қоса атқарады. Осы тасымалдаушы қыздар (XX1) гемофилиясы бар ұлдарды дүниеге алып келеді және ол 50 % ықтималдықты кұрайды.

Демек, гемофилия анықталған ерлерде шежірені ана жағынан (нағашы атасын, бөлелерін) сұрастырылуы керек.

## Гемофилия В (Кризмас ауруы)

Гемофилия В – IX факторы (тромбопластиннің плазмалық құрылымы) белсендігінің тапшылығымен туындаған туа пайда болған геморрагиялық диатез. Дерт рецессивті түрде тұқым қуалайды, негізінен ерлер ауырады, әйелдер тасымалдайды.

IX фактор – бауырда синтезделінетін бір тізбекті гликопротеин, оның молекулярлық салмағы 56 000 дальтон кұрайды. IX фактор гені Х-хромосоманың ұзын иық аймағында орналасады және ол VIII фактор генінің орналасқан жеріне сәйкес келмейді. Қазір IX фактор генінің құрылымы анықталған, ол 8 экзоннан және 7 интроннан тұрады, онда 415 аминқышқылдары бар. IX фактор синтезі үшін К витамині қажет. Белсенді IXа факторы VIIIа факторы және тромбоциттердің фосфолипидтерімен бірге кальций иондарының қатысуымен «геназа» жиынтығын түзіп, бейтарапты Х факторын белсенді Ха түріне айландырады.

Бүгінгі таңда гемофилия В дамуына алып келетін IX факторының әртүрлі (800 науқаста 476 түрлі) мутациясы анықталған. Сондай-ақ геннің спецификалық мутациясы жоқ, әр бір жанұяда өзіндік дара мутациясы байқалады екен.

Гемофилия В – біркелкі ауру емес, оның келесі негізгі түрлерін бар:

гемофилия В<sup>-</sup> сарысуда IX фактор белсендігі төмен және оған антиген болмайды (IX фактор синтезінің күрт бұзылысы); гемофилия В<sup>+</sup> сарысуда IX фактор белсендігі төмен және оған антиген мөлшері қалыпты болады (кеміс IX фактордың өндірілуі); гемофилия BRA+ не CRM R-, сарысуда IX фактор белсендігі айқын төмен және антиген мөлшерінің орташа төмендеуі қосарласып келуі; гемофилия В+М, кеміс IX фактордың әсерінен тіндік тромбопластин жиынтығына және VII факторға тежегіш қаситтің пайда болуы (IX факторының антиген деңгейі қалыпты); гемофилия В<sup>-</sup>М (VII фактор тапшылығымен) – сарысуда IX фактор белсендігінің төмендеуімен қатар VII фактордың төмендеуі және IX фактор антигеннің болмауымен сипатталады.

Гемофилия В-ның клиникалық көріністері гемофилия А-ға ұқсас, бірақ гемартроздар мен гематомалар сиректеу байқалады. Гемофилия А-мен салыстырған кезде В-ның тежегіш түрлері жиірек кездеседі.

Гемофилия В-ға қан ұю уақыты және плазманың рекальцификация уақытының ұзаруы, протромбиндік пен тромбиндік уақыт көрсеткіштері қалыпты болуына қарамастан белсендірілген бөлшектелген тромбопластиндік уақыттың артуы тән. Тасымалдаушыны анықтау және антенатальдық диагностика қанда IX фактор белсендігін және оның антиген деңгейін тексеру арқылы іске асады. Нақты дәлелдеу үшін қанның гендік талдауын немесе ДНҚ-типтеуді және кері транскрипциямен жүретін полимераздық тізбектік реакцияны қолдана отырып антенатальдық хорионбиоптатын жасайды.

## Гемофилия С

Гемофилия С – сарысудағы қан ұюдың XI факторы белсендігінің тапшылығынан туындайтын тұқым қуалайтын геморрагиялық диатез. Алғашқы рет дертті 1953 жылы Розентал жазды.

